

Елімізде коронавирусы инфекциясын жұқтырушылар саны азайғанымен, өзге мемлекетте індеттің өршу қаупі байқалады. Мәселен, АҚШ-та 8 млн. Үндістанда 7 млн, Бразилияда 5 млн адам вирус жұқтырған. Дертке шалдыққандар саны қайта артқан мемлекеттер төтенше жағдай енгізіп, карантин шараларын күшейтті. Әсіресе, АҚШ пен Еуропада вирустан төнген қауіп артқан. Біздің ел де сақтық шарасын қолға алып, шетелге шығатын әуе рейстеріне шектеу енгізді. Кей өңірлерде карантин шаралары күшейе бастады.

Жаннан қымбат сіләрға ар. Мен жастарға сенемін.

Мағжан

АҚМЕШІТ

жастары

Қызылорда облыстық жастар газеті

№ 42 (371)

22 қазан, 2020 жыл

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

ЕКІНШІ ТОЛҚЫН: ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Айгүл ҚАРЖАУБАЙҚЫЗЫ

Қарапайым өмірлік тәжірибеге сүйенсек, күз айында вирус өршиді. Мұны ескерген ел билігі коронавирустың екінші толқынына дайындықты қызу талқылауда. Денсаулық сақтау министрі А.Цой бірінші толқында орын алған қателерді қайталапайтынына сендіріп отыр.

Коронавирустың таралу қаупінің алдын алу үшін бірқатар шарға қол алынды. Коронавирустың жаңа толқыны басталса, еліміз бойынша 70 000 орын қарастыруға дайынбыз, оның 51 мыңы стационарларда COVID-19-ға арналған орын. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуге қатысты бірқатар шаралар қабылданды. COVID-19-ға арналған дәрі-дәрмектер 2 айға артығымен алыншып, барлық аймаққа таратылды. Оның құны – 11,4 миллиард теңге. Барлық аймақта ең қажетті деген дәрі-дәрмектер үшін 13 миллиард теңге көлемінде тұрақтандыру қоры құрылды. Амбулаториялық деңгейдегі дәрі-дәрмектер тізімі ұлғайды. COVID-19-ға арналған тағы 5 дәрі қосылды, – дейді ҚР Денсаулық сақтау министрі Алексей Цой.

Бұл жолы коронавирусты үйде емдеу үшін 1 миллион науқасқа арналған тәсіл дәрі-дәрмек қарастырылған. Ал медициналық құрылыстарда қатысты заңнамалық деңгейде бекітілген талаптар бар. «Инфекциялық және провизорлық стационарда 3379 өкпені жасанды желдететін аппарат бар. Қосымша 2 619 дана осындай аппарат сатып алынды, оның ішінде 1 500 – аппарат отандық өнім. Қазақстанда жасалған өкпе жасанды желдету аппаратының кепілдік мерзімі – 3 жыл. Қазақстанда жасалған аппараттар еліміздегі стационарда сынықтан етті. Ол науқас қолдануға жарамсыз және ақау болған жағдайда өңдірілуіне қайтарылды. Жұқпалы ауруы бар адамдарды қабылдайтын әрбір ауруханада өкпе жасанды желдету аппараты көп дегенде 15% болуы қатаң тапсырылған.

ҚАУІП СЕЙЛІГЕН ЖОҚ

Тамыз айынан бастап коронавирус азырғандардың жалпы саны – 35 965-ке жеткен. Сондай-ақ 382 өлім жағдайы тіркеліп, 28 223 пациент ауруынан айыққан. Соңғы тәулікті 4 адам коронавирус инфекциясынан қайтыс болған. 102 адамнан инфекция анықталған. Осылайша ел бойынша азырғандардың жалпы саны 109 5058-ге жетті. Оның 1796-ы өліммен аяқталған. Ал қазанның бірінші жартысында коронавирустан ауырған балалар мен стационарда емделіп жатқандардың қатары көбейген. Енді қайткен керек? Сақтық шараларын күшейтіп, барынша қамдану қажет. Бірақ екінші толқында енесерте қанағаштықты дайынбыз? Көпшіліктің көңіліне күдік басым. Осы мақсатта Қызылорда облыстық денсаулық сақтау басқармасының бастапқы медициналық санитариялық көмекші ұйымдастыру және қоғамдық денсаулық сақтау бөлімінің басшысы Әсел Қазбекқызы тілдескен едік.

– Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының болжамына күзгі маусымда пандемияның екінші кезеңі басталуы мүмкін. Осыған орай, COVID-19 пандемиясының екінші кезеңінде қоғамдағы инфекция жұқтырған науқастарды уақытлы қамтамасыз ету үшін дәрі-дәрмектер тізімі жасқалуда. Пандемияның 1 кезеңінде орын алған дәрі-дәрмек тапшылығын болдырмау үшін стационарлық жә-

не емханалық жағдайда жетіспеген дәрілік заттарға облыстық бас пұлынмонитор, облыстық бас инфекционист сараптама жасап, емдеу хаттамасына сәйкес қайта жасқалды. Тізімді дайындау барысында коронавирусты және вирустық пневмония науқастарына 1 кезеңде қолданылған дәрілік препараттар негізге алынды. Науқастарды қабылдайтын 21 инфекциялық 3000 орын қайта ашылды. Сондай-ақ 200 төсек орындары тез соғылған модульді инфекциялық аурухананың құрылысы жүргізілуде. Қараша айының аяғында пайдалануға берілді. ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне 36 өкпені жасанды желдету (ИВЛ) аппараты сұраныс берілді. Жақын күндері келіп қалады. Одан бөлек Дүниежүзілік банк арқылы 17 дана ИВЛ аппараты қараша айында келеді деп жоспарланған. Жергілікті бюджеттен 15 желтоқсанға дейін 4 флюоро және 6 дана стационарлық рентген аппараты сатып алынады. Коронавирустық инфекциясының болжамы екінші толқынына дайындық жұмыстары жүргізілуіне орай, 3500 медициналық қызметкерінің резерві құрылды. Республикалық бюджеттен 40 дана автокөлік күйтүлеу. Оның 38-і осы айда, екеуі қараша айында пайдалануға беріледі. Петро Қазақстан компаниясының демеушілігімен Қазалы ауданында 1 оттегі станциясы салынып, одан Арал және Қармақты аудандары, Байқоңыр қаласы оттегімен қамтамасыз етіледі. Екінші оттегі станциясы «ҚазТрансГаз» компаниясының демеушілігімен «Көпбейінді облыстық аурухана» ШЖҚ КМК базасынан салынады. Бұл қала аумағындағы ауруханаларды және Сырдария, Жалағаш аудандарын қамтамасыз етеді, – деді Әсел Қазбекқызы.



Бибизада Өшімқызы

– Облыста ЖР-ВИ және тұмаумен ауыратын науқастарды емдеуге жатқызу үшін дайын төсек қоры – 588, коронавирустық инфекция бойынша жасалған жағдайда қосымша 3000 инфекциялық төсекке дейін кеңейту көзделген. Бүгінде БМСК мекемелерінде тұмауға қарсы препараттар резервинде: тамифлю – 7393, реленза – 1875, басқа да вирусқа қарсы препарат – 2939, оксалин майы – 2741 қоры бар. Медициналық ұйымдарда шұғыл медициналық көмек көрсету үшін өкпені жасанды желдетуге арналған 117 аппарат, 597 пульсоксиметр, 238 килолортералия амбулаториялық жағдайда қосу нүктелері қарастырылған. Эпидемияға қарсы жағдайды қамтамасыз етуге 19350 литр дезинфекциялау құралы, запаласыздандыру таблетка саны – 1 667 348 және 7797 келі құрғақ дезинфекциялық құрал бар. Жеке қорғаныс құралдары: маска – 352 006, шпатель – 56 855, термометр – 17 327 бар, – дейді Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының аға мен бала денсаулық сақтау қорғау бөлімінің басшысы Бибизада Өшімқызы.

Жауапты мамандардың пікіріне сүйенсек, облыстың екінші толқында дайындығы қазан айының аяғында аяқталады деп болжанған.



БҰЛ ЖИЫННЫҢ ЖӨНІ БӨЛЕК

Қызылорда облыстық Көмекетке толмаған балаларды бейімдеу орталығының тәрбиешілері биылғы жұмысының нәтижесі ретінде облыстық жастар ресурстық орталығында жасөспірімдердің концертін өткізді.

Мөлдір САБЫРЖАНҚЫЗЫ, Фотограф Нұрболат НҮРЖАУБАЙ



«Еріктілер жылы – 2020» бағдарламасының басты мақсаты өмірдің қиын жағдайында тап болған жасөспірімдерді қолдап, қоғамдық іске араласуына септесу, сенім білдіру. Бұл бағдар қатысты біршама істі баанды жүзеге асыра алдық. Мәселен, Birgizmit. Sabaqastuq аясында көптеген жұмыс атқарылды. Бүгінгі мерекелік кеш те – осы жобаның бір парасы», – деді Көмекетке толмағандарды бейімдеу орталығы директорының міндетін атқарушы Нұргүл Ганиқызы.

Бүгінде аталған орталықта 13 жасөспірім тәрбиеленуде. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының ұйытқы болуымен Birgizmit. Sabaqastuq жалпыұлттық жобасын жүзеге асыруда балалар үйіндегі, сондай-ақ өмірдің қиын жағдайында қалған балалар тәрбиесіне еріктілердің тәлімгерлік тәрбиесін енгізу үшін KAZBRANDS қоғамдық қоры Нұр-Сұлтан, Шымкент, Атырау қалаларында еріктілерді қолдайтын үш орталық ашты. Аталған әлеуметтік категорияны жүзеге асыру, балалармен, жастармен жұмыс жасау еріктілер бастамасын қолдау бағытында үкіметтік емес ұйымдар үшін 68 шіл ғрантқа байқау ұйымдастырылды. Осы Birgizmit. Sabaqastuq жалпы ұлттық жобасы шеңберінде Көмекетке толмағандарды бейімдеу орталығы тарапынан бірнеше жоба ұсынылды. Сонда осы орталықтың әлеуметтік педагогы Қалдан Темірбеқызы ұсынған «Өмірдің қиын жағдайында тап болған жасөспірімдерді жеке тұлға ретінде қалыптастыру, қоғамдық ортада белсенділігін арттыру жұмыстарын жүргізу» жобасы жеңіске жетті.

– Жобаның мақсаты – өмірдің қиын жағдайында тап болған балаларға қатысты волонтерлердің тәлімгерлік тәрбиесін енгізе отырып, олардың қоғамдық ортада белсенділігін арттыруға ықпал ету. Жоба

бойынша орталық тәрбиеленушілері ерікті тәлімгерлермен бірлесіп, көптеген іс шара өткізді. Ерікті тәлімгерлер жасөспірімдері бейімдеу, қызығушылығына қарай таңдалды, – дейді Қалдан Темірбеқызы.

«Ақмешіт» колледжінің, Қызылорда медициналық колледжінің, №1 көпсалалы индустриалды колледжінің студенттері еріктілер қатарында белсенді атсалысты. Бұл тізімнен әртүрлі мамандық иесін табуға болады. Мәселен, М.Салахова, Ж.Майбасарова, Д.Алмусавва, А.Жамалдінова, Г.Шамшаханова, т.б. есімдері елге белгілі адамдар бар.

«Осыған дейін жасаған жұмыстардың бір парасына тоқталсақ, мәселен, «Болашақ» университеті, «Ақмешіт» институты, М.Ықанов атындағы Қызылорда политехникалық колледжінің ашық есік күнінде балалар мамандықтар бойынша біраз мәліметке қанықты. «Мамандық таңдау – өртенді ойлау» тақырыбында сала мамандарымен онлайн кездесу де сәтті өтті. Ә.Төмішев атындағы облыстық кітапхана, облыстық тарихи өлетану мұражайы, «Мұра айдыны», «Мерей» спорт кешендеріне бірге барған экзотика асерлері әлі күнге дейін жапты тауыса алмай жатырмыз. «Спорт – біздің серігіміз» атты спорттық сайыс, «Күз кереметі» тақырыбында өткен көрме, «Қарттарым – асыл қазынам» тақырыбында мерекелік концерт, сондай-ақ ерікті жасөспірімдермен бірге тұрмыс төмен отбасына қол ұшын созу, т.б. балалармен бірге үлкендер – бізге де қызық болды», – дейді Қалдан Темірбеқызы.

Жыл қорытындысы іспетті осынау шарада жасөспірімдер ән айтып, бір билеп, өлең оқып, тәлімгерлер үйреткен өнерін ортаға салды. Кеш соңында ерікті тәлімгерлер марапатталды.

ПРЕЗИДЕНТ ҮНДЕУ ЖАРИЯЛАДЫ

Айжан ЖҰМАБЕКҚЫЗЫ

Көше Мемлекет Басшысы Қ.Тоқаев ҚР Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттары сайлауға қатысты үндеу жариялады. Сонымен алдағы сайлау конституциялық мерзімге сәйкес 2021 жылдың 10 қаңтарында өтеді. Оған дейін саяси жаңғыру, көппартиялықты дамыту және еліміздің қоғамдық-саяси өміріне азаматтардың қатысу аясын кеңейту жөнінде шаралар қабылданды.

Үндеуде айтылғандай, енді Парламент Мәжілісі тұрақты комитеттерінің бір төрағасы мен екі хатшысы парламенттік оппозиция депутаттары арасынан сайланады. Сонымен қатар парламенттік оппозиция бір сессия кезінде кемінде бір рет парламенттік тыңдау өткізу жөнінде бастама көтере алады. Сондай-ақ бір сессия кезінде кемінде екі рет үкімет сағатының күн тәртібін айқындайды және парламенттік тыңдауларда, басқа да іс шараларда сөз сөйлеуге кепілді құқық беріледі. Екіншіден, парламенттік тәжірибеде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30%-тік квота енгізілді. Бұл норма Парламентке және жергілікті мәслихатқа әйелдер мен жастарды тартудың тиімді жолы ретінде қарастырылып отыр. Үшіншіден, алдағы мәслихаттар сайлауы бірінші рет партиялық тізім бойынша өтеді. Бұл модель әлемдік тәжірибеге сәйкес саяси жүйені нығайтуға, демократияны дамытуға ықпал етеді, саяси партиялардың жұмысын жандандырады. Бұл жаңа бастамалар партияларға еліміздің саяси жүйесіндегі ұстанымын нығайту үшін қосымша мүмкіндіктер береді.

Үндеуде Президент коронавирустың індетінің салдарынан туындаған күрделі экономикалық дағдарысты енесерте Парламенттің және жергілікті өкілді органдардың жанарытылған құрамы еліміздегі әлеуметтік-экономикалық реформаларды сапалы әрі заңнамалық тұрғыда қамтамасыз етуге баса мән береді деп сенеді.

«Біздің ортақ миссиямыз – Қазақстанды өркендету, азаматтарымыздың игілігі үшін қызмет ету. Қазақстан халқы аса маңызды сындарлы сәттерде бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығара білді. Халқымыз осы жолы да елімізді жан-жақты жаңғырту бағытында жаңа тарихи миссиясын лайықты атқарады деп сенемін. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында еліміз кемелдене түсіп, дамуында жаңа кезеңге шығатынына анық. Мемлекетіміздің барлық азаматтарын белсенді азаматтық ұстаным танытуға, Парламент Мәжілісінің және мәслихаттарының алдағы сайлауына ұйымшылдықпен қатысуға шақырамын» – делінген Үндеуде.

ЖАҢА ЕСІМДЕР - ЖАҢА КЕЗЕҢ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚР Парламент Мәжілісі және мәслихат депутаттары сайлауын тартып, үндеуде «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» конституциялық заңда және «Саяси партиялар туралы» заңда қарастырылған ережелер бойынша парламенттік тәжірибеде алғаш рет партиялық тізімге әйелдер мен жастар үшін 30 пайыздық квота енгізілгенін айтты. Көптеген осы елдерде жастарға арналған квота міндетті түрде бекітілген. Біздің елде бұл бастаманың мақұлданы – асыл тастан, аңыз жастаң деп білетін халқымыздың, жас буында үлгі үміт артқан ел ағаларының сенімі.

Бұл – жастар үшін маңызды қадам, жаңа есімдерді іріктеу кезеңі және өңірлердің жаңаша дамуына да осы жастар жаңаша серпін береді деп сенемін. Байқап қарасақ, қазіргі таңда Парламент Мәжілісі депутаттарының орташа жасы 55 жас екен. Мәжілісте 40 жастан төмен азаматтар аз. Қызылорда облыстық мәслихаттың өзінде 35 жасқа дейінгі жас жоқ. Өңірде жастар саясатының тұрапал қалатын кей тұсына да осы себепші.

Озық ойлы, тың идеясы бар, креативті жастар өз арасындағы жұмысқа орналасу, тұрғын үй, білім беруге қатысты өзекті мәселелермен етене таныс және олардың түйінін тарқату жолында қолдан келгенше қызмет ете алады. Қандай мәселелер барын зерделеп, қандай қолдау қажет, олар неге мұқтаж екенін ашық көрсетіп, нақты механизмдерді ұсынуға тырысады және елдің дамуына, өңірдің көркіне де өзіндік үлес қоса алады.

Президент айтқан квота арқылы бірқатар опылықтың орны толып, жастар қоғамдық-саяси үдерістерге белсенді қатысуға мүмкіндік алатын күн де алыс емес, өзгерістер уақыты жақын.

Бауыржан МАСТЕКОВ, облыстық Жастар ресурстық орталығының директоры

Baspasözge jazyly – 2020

6 айға – 2000 теңге

Газет индексі – 65425

40-11-10 телефонна хабарласып, үйден жазылуға болады.

АЛТЫН ДӘН – 2020



табыстады.

– Кәсіргі танда Қызылорда қаласы мен аудандардан марпат-талатын озаттар туралы мәліметтер жинақталып, «Алтын дән – 2020» шарасы аясында ауыл шаруашылығы өндірісінің озаттарын анықтайтын облыстық комиссияның қарауына ұсынылды. Алта кетейік, «Алтын дән» мерекесі барлық қаратидік талап-тар сақталып, 28 қазан күні облыстық мекемелер үйінде өткізіледі. Шараға шаруашылықтар онлайн режимде қатысады, – деді облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Шамхадан Қойшыбаев.

Был облыс бойынша 184,2 мың гектарға егіс егілді. Су ташылынына қарамастан күршітен барлығы 551 мың тоннадан астам өнім жиналды. Гектарынан орта есеппен 61 центнерден жоғары өнім алды.

23 МЫҢҒА ЖУЫҚ КОМПЬЮТЕР



Қашиқтан оқытуға байланысты компьютерлік құрылғыларды сатып алуға республикалық бюджеттен 3,4 миллион теңге бөлінді. Қомақты қаржыға 22870 дана компьютерлік құрылғы алынды.

– Білім басқармасы мемлекеттік сатып алу заңының арнайы тәртібімен 14362 дана ноутбук пен 4802 дана планшет және 3706 дана компьютер жеткізуге келісімшартқа отырды. Қыркүйек айында 1000 дана ноутбук және 4802 дана планшет келді. Ал 14 қазан күні 2700 дана ноутбук жеткізілді. Сонымен қатар қыркүйек айында 700 дана, қазан айында 276 дана компьютер жеткізілді. Бүгінгі күнге барлығы 9476 дана компьютерлік құрылғы жеткізілді. Бұл 41 пайызды құрайды. Қалған 10662 дана ноутбук пен 2730 дана компьютер қазан айының аяғында дейін жеткізіледі. Ерекше айтуға тиіспіз, жеткізілген компьютерлік құрылғыларды сот сараптама орталығының мамандары тексеріп, техникалық ерекшелікке сәйкес келмеген құрылғыларды жеткізушілер тарапынан ауыстырылып беріледі, – деді облыстық білім басқармасының басшысы Ақжар Қасымов.

Компьютер ең алдымен әлеуметтік аз қамтылған отбасылардың балалары, ерекше жағдайда үйден білім алатын және көпбалалы отбасының балаларына табысталады. Кәсіргі күні бұл құрылғылар Қызылорда қаласының мекемелеріне таратылады. Ал аудандарға кезең-кезеңмен жеткізіледі.

ҚҰТҚАРУШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ

Адам өмірінің арашасы деген санатқа құтқарушылар да кіреді. Себебі олар да қызыл жалынға қарамастан, адам өмірін құтқарып қалады. Олардың еңбегі қашанда құрметке лайық. Адамды құтқару үшін бала демей, үлкен демей оттың арасына кіріп кете береді. Облыстық жастар саясаты мәселелері басқармасы құтқарушылардың ерен еңбегін бағалады. Жастар орталығында өткен кездесуде бірнеше сала мамандары марпатталды.



Қуаныш Қуантқанұлы құтқарушылардың кәсіби мерекесінде Қызылорда облысы Тегенше жағдайлар департаменті азаматтық қорғау бөлімінің офицері, лейтенант Артем Тютюевті, Қызылорда қаласы Тегенше жағдайлар басқармасының офицері, лейтенант Нұржігіт Тұрғанбайды марпаттады.

Басқосуда құтқарушы мамандығының жауапкершілігі зор екені, бұл жоғары және жауапты миссия екені айтылды. Шынында, сала мамандарына мықты жорық, машық және текірібе керек. Құын да күрделі қызметте оларға тек тәжірибе, амандық тілеміміз!

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТІЛДІ



шара өткізілді. Аталған шараға аудан әкімі Мұхтар Оразбаев қатысып, алдымен заманауи құтқару жабдықтары мен техникалардың көрмесін аралады.

«Еліміздің азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері 25 жылдан бері халқымыздың қауіпсіздігін сақтау жолында аянбай еңбек етіп келеді. Осы уақыт аралығында тегенше жағдайлардың алдын алу мен жою, жедел әрекет ету қажеттісі қарыптысып, тіптімі жүйе құрылды. Құтқарушы – батылдықты, қырағылықты, шеберлікті және өтегің мамандығы. Сідердің кәсіби мерекелеріңізбен құттықтай отырып, зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, қызметтеріңізге табыс тілеймін», – деді аудан әкімі.

Сонымен қатар аудан әкімі тұрғындардың тыныштығы мен қауіпсіздігі жолында міндетін бүлжытпай отырып, азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі үшін аудандық тегенше жағдайлар бөлімінің бастығы азаматтық қорғау подполковнигі Мурат Жибенбаевқа ҚР Ішкі істер министрлігінің І дәрежелі «Ішкі істер органдарындағы мінсіз қызмет үшін» медалі табысты.

Алматы ауданы алу теген қатерден халықтың өмірі мен денсаулығын сақтап қалуды қызметі үшін аудандық өрт сөндіру бөлімінің біріктер қызметкерлері аудан әкімінің алғыс хатымен марпатталды.

Бетті дайындаған: Мәлдір САБЫРЖАН

200 АДАМНЫҢ ӨМІРІ

Жыл сайын шамамен облыста 2 мыңға жуық апаттың жағдайы орын алады. Сондықтан құтқарушылар қызмет етеді. Мәселен, жыл басынан бері 200-ге жуық адамның өмірі аман алып қалды. Азаматтық қорғау органдарының 25 жылдығына орай қызылордалық құтқарушылардың техниканы өзі өрт сөндіру кәсібімен толықты. Тегенше жағдайлар департаментіне қарасты құрылымдарда жалпы жүзден астам арнайы техника бар.

– Құтқарушылар күн сайын қандай қиындыққа тап келсе де, қауіп пен қатерге бас тігіп, өзгені өміріне аршаға түседі. Наныз бетіміз қайсыр жандарды қосып мерекелерімен шын жүректен құттықтаймын, – деді облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Бағдат Әліев.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ететін азаматтық қорғау саласының материалдық-техникалық базасы жыл сайын нығайтып келеді. 2018 жылы Арал ауданындағы №3 мамандандырылған өрт сөндіру бөлімі, өткен жылы Қызылорда қаласындағы №7 өрт сөндіру бөлімі жанадан салынды. Жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік өртке қарсы қызметі белімшелері жол елді менедерде 22 өрт сөндіру бекеті ашылды. Алдағы уақытта 10 бекет салынады.

– Соңғы 3 жылда департаменттің белімшелеріне 5 өрт техникасы, 6 көмеші техника және 119 құтқару жабдығы мен жүзу қаруы алды. Тұрғын үйлердегі өрттің саны – 15%, су объектілерінде орын алған оқиғалар – 17% азайды. Ал адамдардың өрттен қаза болуының саны 20 пайызға келді. Бұл – түсіндірме жұмыстардың нәтижесі, – деді облыстық ТЖД бастығы Бағдат Данилов.

30 МЫҢ КЕМШІЛІК

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының сарапшылары мемлекет тегін медициналық көмектің кепілдігі берілген көлемі (ТММКК) шеңберінде және МӘМС пакеті бойынша жеткізушілер көрсеткен қызметтерге сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізуді жалғастыруда.

Жыл басынан бері, ағымдағы жылдың 9 айында, халыққа медициналық көмек көрсету кезінде 29,8 мыңдай түрлі кемшілік анықталды, медициналық ұйымдарға салынған айыппұл сомасы 400,8 млн теңгеден асты.

«ТММКК және МӘМС пакеттері бойынша Қор жеткізушілері жалпыға көрсеткен медициналық қызметтер үшін ақы төлеу осы қызметтердің сапасы мен көлеміне мониторинг жүргізілгеннен кейін болуы керек. Іс жүзінде көрсетілген және медициналық көмек көрсету стандарттары мен ережелерін, сондай-ақ клиникалық хаттамалардың ұсынымдарын сақтай отырып, құжатпен расталған қызметтерге ақы төленеді», – деді. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» ҚЕАҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Қор филиалының директоры түсіндіргендей, анықталған кемшіліктің ең көп саны жан басына шаққандағы нормативке қарайтын, өрбір қызмет және төлеметін, консультациялық-диагностикалық қызметтерге байланысты екен. Жалпы құны 30,6 млн теңге болатын 20,6 мыңнан астам осындай ақаулар тіркелді. Сондай-ақ амбулаториялық-емханалық көмек көрсету кезінде 3,3 мың ақау, төулік бойы жұмыс істейтін стационарларда медициналық көмек көрсету кезінде 4,3 мың кемшілік анықталды.

Жыл басынан сарапшылар нақты көрсетілмеген қызметтердің 288-ден астам жағдайын анықтады. Онда пациенттер медициналық қызмет алған бойынша азаматтық қорғау жүйелері енгізілген. Осындай жағдайлар бойынша анықталған бұзушылықтар үшін медициналық ұйымдарға 3,6 млн теңгеге айыппұл салынды.

Шағым немесе өтініш беру үшін 1406 телефонына немесе Qoldau – 24/7 мобилді қосымшасы арқылы хабарласу қажет.

ЕРТЕҢІН ОЙЛАҒАН ТАЛ ЕГЕДІ

Облыстық жастар ресурстық орталығының қызметкерлері тал өту акциясын бастады. Ағымдағы акцияға жастар белсене атсалысты. Бұл шараға үлкен кісілер мен оқушылардың да атсалысқанын галамтордағы суреттер арқылы аңғаруға болады. Мұнда еріктілер де бар. Тал валонтерлар аллесаына егілді. Себебі аллел келер жылы салтанатты түрде ашылып, пайдалануға беріледі.



Жүрегі мейрімге толы, қандай жағдай болсын көмекке асық еріктілердің еңді өз аллесаы болады. «Волонтерлар аллесаының» ашылуы келер жылға жоарланған. Ағалда «Ертеңгі ойлаған тал егеді» деген жастар оны абааттарыңа ісіне кірісіп кетті. Олар шуақты күнде бас қосып, «Кітап құрттарының» «Кітап сыйлағ» акциясына да қатысты, ең айтты, демалыс күнді осылайша сәтті өткізді.

Алта кету керек, қала әкімдігі қолдаған шараға волонтерлардан бөлек, белсенді тұрғындар, жас та жасамыс та үлес қосты. Белсенді қатысушылар «Абзал и К» компаниясының арнайы сыйлықтарына ие болды.

3 ОТБАСЫНА БАСПАНА ҚИМТІ

Қармақы ауданының қайырымдылық шарасында 3 тұрғын үйдің кілті табыстады.

Мұсылман қауымының қасиетті мерекесі Мәуліт айының басталуымен «Қармақы Ата» медресесі және ҚМДБ-ның Сыр өңірі бойынша Бас имамы Бولاتбек Ұласқанұлы бастаған діл қызметкерлері мен мешіттердің жамағаты бірлесіп қайырымдылық шарасын өткізді.

Шарада әлеуметтік қолдауды қажет ететін 3 отбасына 3 тұрғын үйдің кілті табысталды. «Ең үлсеі патерге» жобасы аясында «Зекет» корпоративтік қорының Қызылорда облысы бойынша әкімі Нұтпалан Жидебаевтың және «Қосалының» 100 жомарты үшін акция аясында жүзеге асты.

Шара барысында Қармақы аудандық «Қармақы Ата» мешітінің Бас имамы Жақыпбек қақы Әбуллы Мәуліт мейрамбымен жиналғандарды құттықтап, «Көшпелі қайырымдылық керуені» 30 жылдығы аясында 30 отбасына азық-түлік таратты. Шараға қатысушылар «Ақсағана мүмкіндігі шектеулі балалар қоғамдық бірлестігінің жұмыстарымен танысты. Сондай-ақ қолпен шеберлеріне кілем сыйға тартты.

СТАРТАП ЖОБАЛАР

«Кәсіп бастау үшін қомақты қаржы керек» деп тартынамыз. Шын мәнінде олай емес. Қазір идеяның игілікке айналуына, әсіресе жастардың бизнес-жоспар жасап, оны жетілдіруіне мемлекет көмекке келеді. Тек алға ұмтылыс, санаға сілкініс керек.



«Қызылорда Business Hub» облыстық стартап жобалар байқауынан осыны аңғаруға болады. Жастарды ерекше ынталандыратын байқаудың серікестері – «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, «Nur Otan» партиясының облыстық филиалы және Қорқыт ата атындағы ҚМУ.

Айта кету керек, бұл стартап-конкурс сәуір айында басталған. Қатысушылар бірнеше ай бойы тиімді тренингтерде шыңдалды. Арнайы мамандар оларға кәсіпкерлік негіздері, бизнес-идеяны жетілдіру, Сапнас моделі және логистика қатысты дәрістер өтті. Жобалар іріктеу кезеңінде қорғалды. Қызылорда 157 жобаның 91-і таңдалды. Нәтижесінде іріктеуден өткен қатысушылар маркетинг, дизайн, SMM негіздерін оқып, бизнес-жоспар құрды. Сонымен қатар аймақтағы кәсіпкерлік нысандарына ұйымдастырылған экскурсияларға, қызылордалық кәсіпкерлермен және тәлімгерлермен өткен кездесулерге де қатысты.

Соның кезеге 17 жоба өткен, оның біреуі финалға дейін қаратқа қол жеткізді. Әлеуетті инвесторлар 13 стартап-жоба ұсынылып, екі жоба мемлекеттік қолдауға ие болды. Арапдық Ибраһим Абдолла контейнерлік дүкендер мен үйлерді құру бойынша стартаптың жеңімпазы атанды. ІІ орында Байқоңыр қаласынан келген Ақжар Жұманованың жасөспірімдерге «Kids City» жол ережелерін үйрету жобасы. ІІІ орын Шепелі өңірінен келген Айгүл Иманбековаға бұйырды, ол асессорлар дүкенін және тігін курстарын ашуды жоспарлап отыр. Сондай-ақ байрауда «Qadamat» білім беру платформасын құру, бизнеске қосымшалаар «Арал-Балық» балық өнімдерін өндіру және ауылшаруашылық жерлерін сурмалы сумен қамтамасыз ету жобалары көпшіліктің қызығушылығын тудырды. Шара креативті жастардың және олардың бастамаларына қолдаудың жеткілікті екенін көрсетті.

ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ ШЕКТЕУЛЕР

Мемлекеттік шекара тыныштығын күндіз-түні күзетіп тұрған шекарашылар үшін алғы шептегі ер сөт аса жауапкершілікті, қырағылықты талап етеді.

Соның жылдары мемлекеттік шекара уақыткерінде мал иесінің жауап-сыздығы, малдың қараусыз жағылуына байланысты заңға қайшы іс-әрекет деректері тоқталар емес. Жоғарыда аталып өткен деректер 2020 жылы да тіркелді. Мәселен 2020 жылы ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің әскери қызметшілері Әзікбаевтан республикасымен шектесетін шекара шебінен Қазақстаннан Әзікбаевтан қарай бет алған 4 малдың ізін анықтады. Іздерісіп, сұрастыру нәтижесінде мал Қызылорда облысы, «Қармақы ауданы, Шыңармаған елді мекеніндегі Жөңбай Оңдасбаев мен Талғат Оңғарбаевтың үйлері екені белгілі болды. Осы дерек бойынша ҚР Шекара режимін бұзғаны үшін мал иелеріне ақшылдық құқық бұзушылық кодексінің 514 бабына сәйкес хаттама тоқтырылып, 10 айлық есептік көрсеткіш 26150 теңге көлемінде айыппұл салынды. Сондықтан шекаралық аумақтағы облыс тұрғындарына осындай оқиғаларды болдырмауды және алдын алуды ескертеміз.

М.АЛҒУШЕВ,
ҰҚК Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің офицері

ҮЗДІК МУЗЕЙЛІК ЖОБА – 2020

Тарихы тереңде жатқан Қызылорда өңірі бүгінде екі ғасырдай уақытты артқа тастап, Алты Алаштың басын қосып, қаймағы бұзылмаған қазақ халқының қасиетті мекеніне айналып отыр. Міне, осындай киелі мекеннің рухани мұрасын сақтап, насихаттап отырған тарихи-мәдени орындардың бірі – Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі.



Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі жергілікті «Qogam TV» телеарнасымен бірлесіп, «Асыл мұра» атты тарихи-ғалымдық жобаны ұйымдастырып келеді. Музей қорындағы құнды экспонаттар коллекциясы және ұлттық мұра болып табылатын қазақ халқының саңт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, Археология және этнография ғылыми-зерттеу бөлімі қызметкерлерінің бастамасымен Сыр жұртышылығына ұсынылып келеді.

Мәдениет және өнер саласының қызметкерлері мен ұйымдарының ІІІ республикалық «Рухани қазына – 2020» байқауына Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейі «Асыл мұра» тележобасымен қатысты. Еліміздің 50 музейінен байқауға өтінім түскен. 13 музей түрлі номинациямен марпатталған. Мұзейер ұсынған жобалар арасында «Асыл мұра» тележобасы озық шығып, «Үздік музейлік онлайн жоба – 2020» номинациясымен марпатталды. 500 мың теңге жүлдені жоба авторы әрі жүргізушісі Бөгірім Сейтбековтың қанжығасына байлады.

ОБЛЫС ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!



Ел шекарасының тыныштығын күзетіп, Отанды қорғау – кез келген азамат үшін қасиетті борыш. ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметі Қызылорда облысы бойынша департаменті ерлік пен жауынгерлік рухты ту еткен абыройлы міндетке лайықты азаматтарды келісімшарт бойынша әскери қызметке шақырады. Келісімшарт бойынша әскери қызмет – кәсіби өсудің келбеті, сонымен қатар әскери қызметкердің өзінің және отбасының әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ететін абыройлы жұмыс. Отанды қорғау рухымен өмір сүретін әскери қызметкерлердің әлеуметтік жағдайын жоғары деңгейде ұстау – мемлекеттің міндеті. Яғни әскери қызмет 100-200 мың теңге көлемінде жаладан мен тұрғын үйді жалға алу кепілдігімен, медициналық тегін қызметпен, еңбек демалысына шығуға ең ай уақытта ақшалай қаражатпен қамтамасыз етіледі. Келісімшарт бойынша әскери қызметке мерзімді әскери қызметтің өтеп келген, қасиетті қабілетке ие, денсаулығы әскери қызметке жарамды азаматтар қабылданды. Барлық сұрақтар бойынша 29-60-33, 29-60-35, 29-60-34 байланыс телефондарына хабарласуға болады.

ҚР Ұлттық Қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Қызылорда облысы бойынша департаменті

Отбасы құндылығы қашанда басты орында. Кеше ғана келін болып табалдырық аттаған келінге мән-жайдың барлығын білу маңызды. Келіндік міндеттен бөлек, отбасындағы рөл, өзін ұстау мәнері, шай қую тәсілі, сәлем салудың міндеттілігі, т.б. сұрақтардың барлығына Әліма Әбдіхалықовадан артық жауап беретін адам кеме-кем. Әліма Жақыпқызымен әдемі кездесуге осы тақырыптар арқау болды.

ҚҰНДЫЛЫҚ ДЕГЕН НЕ?



«QOSYL» қалалық жастар ресурстық орталығында «Ауық азаматтық қоғам» ақпараттық-ресурстық орталығының ұйымдастырумен, жастар арасында отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында жастар мен жас отбасылар арасында өткен кездесуде облыстық «Рухани жаңғыру» орталығының «Тәрбие және білім» бөлімінің меңгерушісі Әліма Жақыпқызы отбасының маңызы, отбасы мүшелерінің өзара қарым-қатынасы жайында сөз қозғады.

– Отбасы өзінің астарында үлкен мән бар. Бүгінде жас отбасылар біле бермейтін, мән бермейтін қағидалар көп. Мәселен, кей келіндер салғасы келмейді. Кейде ұмыт қалдырған сыңай танытады, кейде қолды бір сілтейді. Бұл негізінен дұрыс емес. Бұл өмірде үлкендердің батасынан артығы жоқ. «Көсеңге көгерсін, ұл тап» деген сөздерден не жамандық көрдіңдер. Сосын орамал тақпайтындар да бар. Мәселен, жақында

түскен келінді алайық. Жұмысқа бару керек болды, үйден шығамын дегенше орамал тағып алды да. Қоғамдық келікте оны шешіп, сөмкесіне салды. Кешке үйіне қайтар кезде, қоғамдық келіктен түсіп, үйіне жақындағанда жаулығын тақты. Бұл сонда не? Көз бояушылық па? Кім үшін орамал тартады? Артынан сөз ермесін деп пе? Орамал ол шешіп алып, бүктей салатын шүберек емес қой. Өзінің ерекшелігі, маңызы бар емес пе? Мұндай нәрселер жай әншейін болып көрінер. Бірақ маңызды нәрселерге осылай асты-үсті қарап кетеміз. Отбасы құндылығын сақтау, отбасының тату-тәтті өмір сүріп қамтамасыз ету – үйге келген келіннің басты міндеті. Ал бұл көзбояушылықпен жүрміз, – дейді Әліма Жақыпқызы.

Жас отбасыларға арналған кездесу психологиялық семинар-тренингке ұласты. ҚР психологтар қауымдастығының мүшесі, «Бітім-Медияция» орталығының психолог маманы

Нәзира Аймаханова еркін форматта жастар мен жас отбасыларға арналған семинар-тренинг жүргізіп, отбасы туралы көптеген тың ақпараттар берді. Сондай-ақ серуін сәтінде қызықты ойын ұйымдастырды. Тренинг соңында Назира Кенжебекқызы белсенді қатысушыларға өзінің қабылдауына сертификат табыстады. Қатысушылардың жүзінен тренингтің көңілден шыққанын аңғаруға болады.

Жас отбасылар арасында өткізілген шара мұнымен тоқтап қалған жоқ. Себебі орталықта «Жас отбасыларды қолдау» әлеуметтік жобасы аясында «Ай-Қанат» жастар қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен ЖОО және ОАО оқу орындарының жас отбасылары арасында семинар өткізілді. Психолог Сымбат Әбдрахманова отбасындағы қарым-қатынас және бала тәрбиесі жайында, қатысушылардың сұрағына жауап берді.

М.КЕНЖЕҒҰЛОВА

ОТАUFEST – ОТБАСЫЛЫҚ ЖОБА

«Үйлену оңай, үй болу қиын». Ертеден жеткен бұл қағида қазірде де маңызын жоғалтқан емес. Жас отбасылардың болашағы жарқын, босағасы берік болуына қоғамның да ықпал етөрі анық. Осы орайда «Азаматтық бастамаларды қолдау орталығы» ОТАUFEST жас отбасылар фестивалін ұйымдастырды. Айта кетейік, жоба «Жастар арасында отбасылық құндылықтарды нығайту жөніндегі іс-шаралар көшесі» мемлекеттік гранты шеңберінде өтті.



Манабаевтар отбасы

Фестиваль аясында ұйымдастырылған байқауға Қызылорда облысынан отбасылық өмірде, еңбек жолында жетістікке жеткен, қоғамда өз орнын қалыптастырып үлгерген жас отбасылар қатысты. Жоба барысында қатысушылардың өз отбасылары жайлы дайындаған таныстыруы, бейнебаяны қаралып, олардың отбасылық табысы жан-жақты таразыланған.

– Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің қолдауымен өткен «ОТАUFEST» фестивалінде жас отбасылар семинарға қатысуға, мамандар кеңесін тыңдауға, қызықты ақпараттармен белсуге мүмкіндік алды. Жобаның жас отбасылар үшін



Жібекәлиевтер отбасы



Абдулатиптер отбасы

пайдалы әрі қызықты болғанына сенімдімін. Себебі фестивальге қатысқан жас отбасылар дән риза, олар маған қыңырау шалып, әлеуметтік желіде ризашылығын білдірде. Бізде жастардың жан-жақты дамуына, отбасының берекесін сақтауға көмектесетін ақпарат көп. Бастысы, жастар белсенді болу қажет, – дейді отбасы құндылықтарын дәріптеуге бағытталған жобаның облыстағы үйлестірушісі Майра Қадырбекқызы.

Жоба бойынша анықталған 51 жеңімпаздың қатарында өңірімізден Манабаевтар, Жібекәлиевтер және Абдулатиптер отбасы бар. Манабаевтар отбасы – спорт сүйер шаңырақ. Отбасы Алматы Манабаев – паралимпиада ойындарының бірнеше дүркін жеңімпазы, қазір жұбайы Ақтөтенмен

бірге екі ұлын да спортқа баулуға. Шаңырақтың отанасы Ақтөте жоғары деңгейде ұйымдастырылған республикалық фестивальге алғаш рет қатысып тұрғанын айтады.

– Өлемнің қанша әсем қаласын араласаң да, отбасынан артық ыстық, жайлы орынды таба алмайсың. Сондықтан осы жобаның жас отбасыларға берері көп болды. Үш күн бойы онлайн форматта түрлі танымдық дүниелермен таныстық. Баланың өмірге келуі жас отбасыларға қалай әсер етеді, отбасылық қаражат қалай реттелуі керек деген сынды психологиялық сауалдар қойылды, маңызды тақырыптар тренингте талқыланды. Спикерлердің сабағы да біз үшін пайдалы болды. Жоба барысында Instagram парақшамызға арнайы пост жазып, отбасы тақырыбында бейнежазба

атанған үш отбасының бірі екенімізді естіген сәтте шынымен қуандық. Жолдасым екеміздің бір сапада қызмет етіп, отбасылық кәсіп бастағанымыз жобадан басты артықшылығымыз болды деп ойлаймын. Бүгінде отбасымыз бірге бес жасар ұлымызға жақсы тәрбие беруге тырысып жүрміз, сондай-ақ екінші бейбемізді асыға күтудеміз. Быыл отау құранымызға алты жыл толады. Бақытты отбасы болудың басты талабы шаңырақтың бірлігін сақтау болса, жоба барысында сол татулықтың үлгісін көрсете алғанымызға ризамын, – дейді Ақтөте Нұржанқызы.

Жобада ерекше кезге түскен жас инженерлер Абдулатиптердің отбасы да сарапшыларға осап емесін дәлелдеген. Техникалық мамандық бойынша Ресейде білім алып, қазір құрылыс саласында жұмыс жасап жүрген Самат пен Асқар қазықтың ұлттық сапалық дәстүрлерін дәріптеу жобаларына жиі қатысуды екен. Тіпті бірнеше шет тілін меңгерген жас отбасы киноға түсуге, нумерология ілімін меңгеруге де уақыт тауып, шаңғы, коньки, биіктен секіру, суға сүңгу сынды спортпен шұғылданады.

Белсенді де бірлігі бекем осындай жас отбасыларды насихаттауға арналған бірегей жобаның қорытындысы бойынша жеңімпаздар қаржылай сыйлыққа ие болды.

Г. НҰРТАЙҚЫЗЫ

ТОЙҒА БАРСАҢ...



Екі жас шаңырақ көтеріп, отау құрса қуанамыз. «Жастар бақытты болсын» деп жылы лебізімізді білдіреміз. Десе де карантин кезінде той өткізгендер көбейді. Бұрын-соңды тойды кейінге қалдырып жүргендер, карантин кезінде үйленуді жөн санады. Тіпті «тіімді тұсы осы» дейтін де көрінеді. Расында мейрамханаға қыруар қаржы жұмсамайды, аста-төк дастарқан болмайды, көп адам шақырылмайды. Бұл тіімді қой... Ал адам деуіміз не? Бұған қалай бей-жай қараймыз?

Карантин кезінде той өткізу өлі де тоқтамай тұр. Қолда бар дерекке сүйенсек, карантинге қарамастан той жасаған 370 дерек анықталған. Бұл рейд барысында тіркелген. Ал бұлайынша да той өткізіп жатқандар қаншама?! Бір ауылдың өзінде бір күнде 3-4 тойдың өткенін көрдік. Біз өзі қашан карантин талаптарын қатан сақтаймыз? Бір жерде көп адам шоғырлануға болмайтынын қашан ескереміз?

Бүгінгі күні қоғамдық тәртіп пен азаматтардың қауіпсіздігін тиісті деңгейде қамтамасыз ету мақсатында қолға алынған қатаң шараларға қарамастан карантин режимін бұзу, туыстарын жинау, той жасап, құдайы өткізген азаматтар саны азаю емес.

Ағымдағы жылдың 5 шілдесінен бастап жарияланған карантин

шектеулерінің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында мониторингтік мобилді топтармен оның ішінде, жергілікті атқарушы органдар, Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің саласы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті, еріктілер, қоғамдық көмекшілер, бұқаралық ақпарат құралдарымен бүгінгі күнге дейін 679 құқық бұзушылық анықталды.

Оның ішінде кафе, мейрамханаларда 370 той жасаудың дерегі анықталса, компьютерлік клубтар, букмекерлік кеңселер тарапынан карантин талаптарын бұзудың 59 дерегі, шаңырақ 8, дүкен және базарда 72, демалыс орынында 4, санитарлық дәрігердің қаулысында көрсетілген басқа 166 құқық бұзушылық анықталды.

Мәселен, 18 қазан күні сағат 18:14 шамасында Қызылорда облысы, Шиели ауданының тұрғыны туыстарын жинап құдайлық өткізген. Аталған дерек бойынша құжаттар жинақталып, ҚР ӨҚТК-нің 425 бабының 1 бөлігімен (ҚР халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді, техникалық регламенттерді адам денсаулығына зиян келтіруге әкел соқпаған бұзушылық) әкімшілік хаттамасы рәсімделіп, тиісті шара көру үшін Шиели аудандық тауарлар мен қызметтердің саласы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасына жолданды.

Сонымен қатар 16 қазан күні сағат 18:50 шамасында Қызылорда облысы, Қазалы ауданы Өйтеке

би кентінің тұрғыны «Бақдаулет» кафесінде той жасаған. Аталған дерек бойынша құжаттар жинақталып, ҚР ӨҚТК-нің 425 бабының 1 бөлігімен (ҚР халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы заңнамасының талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді, техникалық регламенттерді адам денсаулығына зиян келтіруге әкел соқпаған бұзушылық) әкімшілік хаттамасы рәсімделіп, тиісті шара көру үшін Қазалы аудандық тауарлар мен қызметтердің саласы мен қауіпсіздігін бақылау басқармасына жолданды. Одан бөлек, 16 қазан күні Қызылорда қаласындағы «Өйгерім» және «Энерджик» компьютерлік клубтарын тексеру кезінде де дәл осындай құқық бұзушылықтар

анықталды. Бүгінгі тойдың мейрамханадан айырмашылығы байқалмады. Арнайы безендіру жасап, ескі алдына мейрамхана үстелдерін әкеліп қояды. Бұл тойдың сәнін кіргізеді. Қала, аудан, ауыл әкімшілігі бұл саппаттанған хабардар болатыны анық. Алдына ескертіп, той жасауға тыйым салса, көнекі. Келесі той жасағысы келетін отбасыға сабақ болар ма еді?! Өйтпесе ішкендей ауылдың өзінде той жасалса, бүкіл ауыл хабардар болады. Ауыл естіп ақпараттың әкімшіліктің қалғанына жетпегі мүмкін емес. Құдан да, қалада да осы жағдай. Қазіргі таңда тойға бармау, көп адам бар жерде жүрмеу өз қауіпсіздігіміз үшін тіімді болмақ.

Мөлдір САБЫРЖАН

Жалғасы. Басы 1 бетте



Галия Байменова

ДӘРІ-ДӘРМЕК ҚОРЫ ЖЕТКІЛІКТІ МЕ?

Жалпы өңір халқы вирус өршіген тұста дәрі-дәрмек таппай қалды. Тиын тұратын беттерде бағасы шарықтады. «Метрогил», «С» дәруменін тапшылық туындады. Мұндай олқылықтың қайталанбасына кім кепіл болады?! Дәрі-дәрмек қоры қаншалықты екенін жауапты мекеменің сұрадық.

– Қызылорда облысының әкімдігі тарапынан дәрілік заттардың тұрақтандыру қорын қалыптастыру мақсатында 350 млн теңге бөлінуде. Ол қаржы маусым айындағыдай қайталанған жағдайда дәріханаларда дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың қорын қурау арналған. Қазіргі таңда облыстық дәріханалық ұйымдарға дәрілік заттардың тұрақтандыру қорын қалыптастыру үшін 1 пайыздық мөлшерде кредит беріледі. Дәріханаларда дәрілік заттарға, медициналық бұйымдарға және градусниктерге тапшылық жоқ. Облыс дәріханаларының айналым қаржысы көлемінде қажетті қор жасалды. Мониторинг нәтижесінде қазіргі кезде халық сұранысындағы парацетамол, ацетилсалицил қышқылы дәрілік заттарының бөлшек сауда сегментінде кемінде 2 айлық қоры бар екені анықталды. Сонымен қатар «Чингиз» ЖШС-мен Әзбекстан елінен бір реттік әкелу рұқсат құжаты негізінде ыстықты түсіретін дәрілік заттарды жоғары көлемде әкелу жұмысы жүргізілуде. Сонымен қатар «Атамекен» ҰҚТ-мен дәріханалық ұйымдардағы дәрілік заттардың қоры саңырау көруге мүмкіндік беретін цифрлық бағдарлама әзірленуде. Аталған бағдарлама негізінде тұрғындар қажетті дәрілік заттың қай дәріханада, қанша көлемде және қанша теңгеде бар екенін көруге болады. Қолданыстағы заңнамаларға енгізілген өзгерістерге сәйкес, коронавирус инфекциясы нақтыланған науқастар амбулаториялық деңгейде тегін негізде 2 атауда ыстық түсіретін, 3 атауда қан сұйылатын дәрілік заттарды алуына болады. Емханаларға аталған дәрілік заттар тамыз айының соңынан бастап жеткізіліп, жеткілікті қоры қалыптасты, – деді Қызылорда облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаментінің басшысы Галия Байменова.

ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМ БЕРІЛЕ МЕ?

Дәрі-дәрмектен кейін халықты әлеуметтік көмектің қанша көлемде берілетіні алаңдатады. Бұл тұрғында Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі қатаң карантин енгізілген жағдайда мемлекет тарапынан жасалатын шаралар мен төлемдер туралы айту өлті ерте деп отыр. Бірақ індет өршіп, қатаң карантин қайта жарияланған жағдайда үкімет жұмысыз қалған азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетеді дейді Біржан Нұрмұбетов. Журналистердің «желтоқсан айында қатаң шектеулер енгізілсе, әлеуметтік төлемге үкімет қаржы қарастырды ма?» деген сұрағына да министр бұған дейін Денсаулық сақтау індетке қатысты ұсынған сценарийлерге байланысты экономиканы, бизнесті, халықты қолдау шаралары қабылданатынын айтты. Бірақ қазір ол болжамның қайсысы орындалатынын беймәлім. Онлайн брифинг барысында Нұрмұбетов қолға алынатын шаралар мен қаражат мөлшері туралы айту әзірге ерте деп санаса да, үкіметте ақша табылады деп сендірді. Бұған дейін Денсаулық сақтау министрлігі үш сценарий аттаны бөліпті. Пессимистік болжам бойынша локдаун желтоқсан айының ортасында болады делінсе, реалистік сценарийде қантарда енгізілуі мүмкін.

Әлеуметтік төлем төленген жағдайда оған қол жеткізетіндер саны шектелуі екенін ескерген жөн. Мәселен, мамыр айында

жарияланған төтенше жағдайға байланысты 4 млн 200 мың адам уақытша жұмысынан айырылып, 42500 көлемінде жәрдемақыға қол жеткізді. Ал өтініш білдіргендер саны бұл көрсеткіштен екі есе болды. Бұл – әлеуметтік көмек жұмыссыздардың барлығын қамтымағанының дәлелі. Бұдан қалды жуықта әлеуметтік төлем мөлшерін 63 мыңға ұлғайтуға өтініш берілген болатын. Министр бұл бастаманың негізсіз екенін алға тартып, «Келесі жылдың бюджетінде ең төменгі жалақы ретінде 42 500 теңге қарастырылған. Жақын арада күнкөріс минимумы да

банктер құрдымға кетеді. Банк құрдымға кетсе, тағы да халық яғни банк салымшылары зардап шегеді. Белгілі пайыз мөлшерінде кредитті кейінге шегеруден басқа амал жоқ. Мүлде келіспеймін десеңіз, қатаң сақтық шараларын қолданып, онлайн жұмыс жасауға тырысу қажет. Мысалы, пандемия кезінде тапсырысты жеткізу, сауда-саттық, онлайн сабақ беру жақсы тәжірибе әкелді. Осы салаға икемізді болса, мүмкіндікті құр жібермеу керек, – дейді Ұлыбританиядағы Leicestershire университетінің магистрі, Financial Economics Lab негізін қалаушы экономист сарапшы Мәди Слямюв.



Қайсар Табынов

зерттеуден өтті. Екіншіден, осы вакцинаны қазіргі таңда толығымен



көтерілмейді» деп кесіп айтты. Осы тұста несиесі барлар не істейді?



Мәди Слямюв

НЕСИЕ РАХЫМШЫЛЫҒЫНА ҮМІТ АРТА АЛАМЫЗ БА?

Әлеуметтік төлем берілді дегенін өзінде ол күнделікті азық-түлікпен артылмайды. Ал елімізде кредиттің өтей алмай жүргендер саны артаң. Үкіметке бұл мәселені де ескерген жөн сияқты. Бірінші толқында кредитін төлей алмайтындарға екінің деңгейлі банктер несиемен 3 айға кейінге шегергенмен, пайыздық үстемні арттырғаны белгілі. Бұдан кейін халық бұл жеңілдікке мойын бұрғысы келмейді. Сондықтан онтайлы шешімді әзірлеуге осы бастан кірісу қажет сияқты. Несие бірсыңарың мәліметінше, елде кредит алуға қабілетті 9 миллион тұрғынның 7 миллион 200 мыңы банкіе қарыздар. Оның жалпы сомасы 3,5 триллион теңгесін құрайды. Экономистер несие рахымшылығына енді үміт артпайтынша.

Төтенше жағдай жарияланса, бірінші толқындағы қателіктер ескеріледі. Соның негізінде тиімді шешім қабылданады. Әзірше тиімді шешім несіе уақытын созу ғана болып отыр. Қайткенде де үкімет несиеді кешіре алмайды. Өйткені елде жұмыс тоқтаса, кәсіпорындар, жұмысшыдан түсетін табыс салғы да тоқтайды. Сол себепті үкіметке түсетін табыс азаяды. Керісінше, жұмыссыз қалғандарға көмек қолын созу қажет болады. Құжым орындарын сақтап қалуға ықпал етеді. Сондықтан несие рахымшылығын күтуге өз негіз жоқ. Ал екінші деңгейлі банктер де мұндай қадамға бара алмайды. Яғни пайызсыз несиеді кейінге шегерсе, пайыздардың арқасында күн көріп келген

– Кредитті төлеуден қашудың немесе кейінге шегеру қарыз алушыға тиімсіз. Одан да банкке барып, мәселені тиімді шешу жолдарын қарастырыған жөн. Мәселен, елімізде тұтынушылық кредитті кешіктіргені үшін 56 пайыздан аса үстемалқы қосу заңсыз. Оған қоса, мүлкіңіз тәркілейміз деп қарыз алушының зәресін ушырды да заңға қайшы әрекет екенін ескертемін. Қаржы ұйымдарының көпшілігі халықтың қаржылық сауатсыздығын пайдаланып, осындай әрекетке барады. Мұндай жағдайға тап болсаңыз, жергілікті сотқа жүгінуге кеңес беремін. Бірақ сізде нақты жұмысыз екеніңізді немесе уақытша жұмыстан айрылғаныңызды дәлелдейтін құжаттың болуы маңызды, – дейді заңгер Сағұра Нұрәділқызы.

ВАКЦИНА ДАЙЫН БА?

Дәрі-дәрмек, әлеуметтік көмектен бұрын пандемияның алдын алуда вакцинаңың орны бөлек. Дамыған мемлекеттер осы уақытқа дейін бірнеше вакцинаны тәжірибеден өткізді. Қаншалықты сәтті шыққаны уақыт көрсетеді. Дегенмен

бірінші фазадан Аустралия мемлекетінде өткізілді. Одан кейін мен алдым, ешқандай қорқыныш сезім болған жоқ. Вакцина оң нәтиже көрсеткен жағдайда оның клиникалық зерттеуін жалғастырамыз. Вакцинаны коронавирустен ауырмаған адамдардың алғаны абзал. Ал ауырып, жазылғандардың бойында табиғи имунитет қалыптасып үлгерді. Дегенмен бұл өте қауіпті ауру болғандықтан, бұлашақта қалай құбыларын анықтау әзір мүмкін емес. Сондықтан елімізде ғылыми-зерттеу жұмыстарына баса назар аударылып, вакцина шығарумен айналысатын зертханалар мен зауыттар ашу керек, – деді Халықаралық вакцинология орталығының жетекшісі Қайсар Табынов.

Отандық вакцина шығару ісі төрт айға созылған. Синтетикалық жолмен алынған емдік екіле қазір жаңаулар ағзасында сынамадан өтуде. Зерттеу жұмысы сәтті аяқталса, ғылыми жаңалық болары сөзсіз. Бұл вакцинадан елдің күтер үміті де зор. Клиникалық сынақтан өтетін вакцинаны сынап көрісі келетін еріктілер де жиналған. Сынақтың 1, 2-сатысы қараша, желтоқсан айына қарай аяқталып, нәтижесі шығады. Сол кезде ғана вакцинаңың қаншалықты тиімді, қауіпсіз екені белгілі болады. Жоғарыда айтқан жас ғалымның ұсынысы ескеріліп, елімізде вакцина күнделікті нәпақамды тауып жүрмін. Балалар да үйренісіп қалды. Қайтанда бас қалаға көшуге ниет жоқ. Оның үстіне карантин талаптары қайта күшіне енес, отбасын қиналып қалады ғой. Меніңше, пандемия қаншама адамның тағдырына өзгеріс әкелген сияқты. Бірі – табықса келенесе, енді бірі – шығынға ұшырады. Әмір болған соң бұл сынақтан өткізімі деген ойдамын, – дейді қала тұрғыны Бауыржан Байкөкеев.

МИНИСТРДҢ СЦЕНАРИЙІ

Алғашқы сценарий – пессимистік сценарий. Мұнда маска режимі тек 60% қамтамасыз етілгенде 2020 жылдың қазан-желтоқсанында тіркелген жағдайлар саны шамамен 190 мың адамды құрап, 65 мың адамды ауруханаға жатқызу қажет болады. Локдаун енгізу желтоқсан айының ортасына сәйкес келеді. Екінші сценарий – шынайы сценарий. Әлеуметтік арақашықтық шаралары қамтамасыз етіліп, маска режимі 70%-ға орындалса, 2020 жылдың қазан-желтоқсанында тіркелген жағдайлар саны шамамен 90 мың адамды құрайды. Ал ауруханаға жатқызуы қажет ететін науқастар саны – 30 мың адам болады. Бұл кезде локдаун 2021 жылдың қаңтарында енгізілуі мүмкін. Үшінші сценарий – оптимистік сценарий. Арақашықтық ережесі сақталып, маска режимі 100% орындалса, ең жоғары тесек-орын қоры деңгейдің 70%-ға жеткен кезде іс-әрекет қолданылатын қатаң карантин енгізілмесе де болады. Егер осы сценарий болса, 2020 жылдың қазан-желтоқсанында тіркелген жағдайлар саны шамамен 40 мың адамды құрап, 15 мың адам ауруханаға жатқызуы қажет етеді.

осы салада біздің ғалымдар да аянып қалмады. Үш түрлі вакцинаңы тәжірибеден өткізді. Оны дайындағандардың қатарында бұрұелпеге қарсы дәрі ойлап тапқан жас ғалым Қайсар Табынов бар. Ол елімізде ең алғашқылардың бірі болып коронавирусті қарсы вакцинаңы өзіне салдырды. Екпені алмас бұрын мұқият саралап, зерттеді.

Әлеуметтік желіде «Бұл кісі өзімен-өзі неге вакцина алып жатыр?» деген сияқты түрлі пікір айтылды. Мұндай шешімге келу оңайға соқпады. Бұл – ойланғы жасаптан шешім. Өйткені бұл вакцина ең алдымен, АҚШ мемлекетінде толығымен клиникаға дейінгі

вакцинаның бағасы қанша болатыны нақты белгісіз дейді мамандар.

ДӘРІГЕРЛЕРГЕ ҚҰРМЕТ АРТТЫ

Елдегі жарияланған карантинге байланысты медицина қызметкерлері күшейтілген режимде жұмыс істеді. Олар ауыспыннан-ауысымға жатпаласып, отбасына, туған-туыстарына уақыт бөле алмай, талай жанның өміріне араша түсіп, ерлік көрсетті. Быыл 30 қыркүйектегі мәлімет бойынша COVID-19 және пневмониямен ауырды 12 830 медицина қызметкері тіркелген. Оның ішінде 8 339-ы кәсіби қызметпен байланысты. Өңірлік комиссиялар 8 320 істі қарады және олардың 67 пайызын растады.

– Дәрігер қабылдауында болатын науқастың барлығы коронавирустің инфекциясымен ауырады деуге болмайды. Ал егер дәрігер инфекциялық стационарда жұмыс істейтін болса – бұл жерде дәрігерге төнетін қауіп, тәуекел деңгейі мүлдем басқа. Мысалы, дәрігер ота жасап жатқан науқас гепатит немесе ЖИТС-пен ауырыуы мүмкін. Бұл да дәрігер үшін қауіпті. Мемлекет басшысының қолдауымен медициналық қызметкерлер еңбегіне лайықты жалақы алуға қол жеткіздік. 2023 жылғы медициналық қызметкердің жалақысы 2 есе өсуі мүмкін, – дейді Денсаулық сақтау министрлігі А.Қой.

COVID-19 және вирустық пневмонияға қарсы күреске тартылған медицина қызметкерлеріне ұстамақшы ай сайын Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры төлеп келеді. Ұстамақшы алатындардың тізімін өңірдегі арнайы комиссия жасайды. Тізім дайын болғаннан кейін аталған қор ай сайынғы қосымша төлемдерді төлеуге кіріседі.

– Тәуекел тобына қарай медицина қызметкерлері 212 мың теңгеден (5 АЕК) 850 мың теңгеге (20 АЕК) дейін қосымша ақы алады. Қор медицина қызметкерлері алдындағы барлық міндетті толық және уақыттық орындайды. Мәселен, быыл наурыз бейбітшілік аралығында 2 574 885,3 мың теңгеге ұстамақшы төленсе, қыркүйек айының қорытындысы бойынша 839 маман 99 593,9 мың теңге көлемінде ұстамақшы алды, – деді Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

КАРАНТИНДЕП ТАҒДЫРЛАР

– Елде төтенше жағдай жарияланғанға дейін Астана қаласында отбасының бір адам жапдан тұратынын. Келіншегім медициналық киімдер сататын дүкенде сатушы болса, менің тапсырысым жиі жасайтын шағын кәсіпорын болған. Елде шектеу шаралары енгізілгеннен кейін 1 айда ырустың індеті қайтар деген сенім басым болып, Нұр-Сұлтанға қалуды жөн санадық. Карантин созылған сайын жағдайымыз нашарлай түсті. Үкімет тағайындаған 42500 мінат берілгенмен, келіншегіме түспеді. Отбасының асыраушысы болғандықтан бей-жай жата алмай, ауылға қайтуға бел будық. Одан қалды пәтерқұны төлеуге мүмкіндік жоқ еді. Мүне ескерген пәтер иесі 1 айға пәтер алуымын төлемеге рұқсат берді. Одан кейін мұндай жеңілдікті сұрауға ыңғайсыздықпен, Шеберхананы да иесіне тапсырып ауылға қайттық. Шүкір, бүгінде жаман емеспіз. Ата-анамның қолындамыз. Қаладағы тапсырыстарды орындап, күнделікті нәпақамды тауып жүрмін. Балалар да үйренісіп қалды. Қайтанда бас қалаға көшуге ниет жоқ. Оның үстіне карантин талаптары қайта күшіне енес, отбасын қиналып қалады ғой. Меніңше, пандемия қаншама адамның тағдырына өзгеріс әкелген сияқты. Бірі – табықса келенесе, енді бірі – шығынға ұшырады. Әмір болған соң бұл сынақтан өткізімі деген ойдамын, – дейді қала тұрғыны Бауыржан Байкөкеев.

Р.С. Коронавирустың екінші толқыны басталса, емханалар қызметі қалыпты жағдайда жалғасады дейді мамандар. Санитарлық талаптарды қатаң сақтап отырып, дәрігерлер алдын ала жазылу бойынша қабылдайды. Ал коронавирустың белгілері бар науқастар бөлек есі арқылы кірізіліп, бөлек кабинетте қаралады. Вирустан қорғанудың барлық жолы қолға алыну керек дегенімізбен, халықтың қаржылық қамсыздануын да естен шығармаған жөн. Жанын шүберекке түсіп, өртенгі күніне алаңдаған халық әлеуметтік төлем беріледі дегенде банк жағалап, бір-бірмен жаға жырысқаны өзі есімізде. Сондықтан әлеуметтік төлемді алуда ауылдық жердегі цифрлық жүйеде көшіру маңызды. Екінші толқында дайындық барысы, міне, осындай. Әлеуметтік төлемнің көбейтінуі, кредиттік рахымшылықтың болмайтындығы нақтыланған. Сіз де қарым-қабілетіңізге қарай қамданғаныңыз жөн сияқты. Бастапқыда жіберілген қателік орны топтырылады деп сендірген басшылардың ісі енді ел назарында болады.



БАЛЫҚШЫНЫҢ ӘНГІМЕСІ

Жөн сұрасқанда «Аралдың қызымын» десем, жұрт жапа тармағай балықтың жайын білгісі келетіні бар. Ауданнан алыс Қаратөренде өсем де, кейін қалаға бауыр басқан соң теңіз дегенде ірікіліп қала беретінімді несіне жасырайын?! Жақында ел түгел карантинге жабылғанда, біз де қалда қалмай ауылға тарттық. Ойда жүрген олықтылық түземекші болып, ауылда аты шыққан балықшы Күнтуған көкеге арнайылып бардым. Ол кісі Шөмішкөлдiң тумасы, теңiздeн жырақ кетпейiн деп Қаратөренге ертеректе қоныс аударған. Жетпісінші жылдан бері ата кесіпті сөрік өткен балықшы әлі күнге бес құлаш ауы мен қара қайығынан ажырамаған. Балық аулаудың бейнетін бір кісідей көрген көке сөзге де шебер екен, ө дегенде тегітіп әңгімелей берді, мен де бір ауыз сөзін қалдырмай жаза бердім...

ҮЗІЛГЕН КАБЕЛДІҢ ЖЫРЫ НЕМЕСЕ «АЖАЛЫМА КЕЛГЕН ШЫҒАРМЫН»

Кенес үкіметі құлағаннан кейін балық аулауа Шығыс Қазақстанға жіберді деп Күнтуған көке әңгімесін әрден бастады. «Балықшының да бармайтын жері жоқ екен ғой» деймін іштей. Содан...

Өскемен жаққа барып балық ауладық. Әдепкі барған уақытымыз. Біздікіндей емес тәртібі күшті ол жақтың. Даладағы қостың өзін үйді тасталағандай етіп ұстау керек екен. Пайдаланған затың жүрген жерінде лақтырып тастай беретің біз қайдан білейік оны?! Сүйекке сіңген әдет сол... Бес құлаш ау бір жақта, қазан-табақ бір жақта... Сөйтіп су жағасында кесіліп жүрген Күнті қосқа инспектор келді. Ол уақытта мен бригадирмін. Келе сала түрі бұзылып:

– Мынау не бардақ? – деді.

– Ой, аға көшіріңіз, – деймін сақақлап. Бұл жақтың тәртібін білмейтінім рас қой. Әңгіменің түйіні сол, инспектор «Мына жерден құдық қазып, қоқысты сонда тастаңдар. Бұл – бірінші ескертпе» деп қысқа қайырды. Содан қасыма Балтабай мен Ер Алтайды алып құдық мәселесін реттемекші болдық. Біздің қара жер сияқты қатты емес. Бос топырақты борпылдапты қазып жатыр екеуі... Қанша жерден келіп отырып, қазылмаған құдық үшін штраф төлеу оңай емес қой енді?! Білекті түріп тастаң, теренге түсе бергенде тізеден келетін жерден кабелі шыққан. Анау Балтабай сұрады қой сонда:

– Күрек өтпей жатыр. Мынаны не істеймін? – деп.

Жарықтық, Ер Алтай да қарап тұрмайды: «Шан» дейді әй-жұа қарамай. Жіңішке кабелі күректің екі-үш ұрғанынан қалмай қиылып түскен. Сабаздар «не кабелі» деп қарамайды қой сонда, екі бөліп тастаған да құдықты қаза берген. Біз білмейміз оны. Бар қызық ертеңіне басталды. Азаңда тұрып, жылыма кеттік. Жылымыз тартып, балықты тасырып қайтып келе жатсақ, бір татар жігіт бар еді телефон жөндейтін, сол арқасына жұп асынын қос маңында жүріп жүр.

– Ой, нағыз жүрсің таң атпай?!

«Осындай да осындай, бір жерден ақау болған ау, бір сөтті бойы Самар ауданы, Өскемен жақта байланыс жоқ. Қайдан болғанын білмеймін, соны тексеріп жүрмін» дейді жаңағы жігіт. Аяқ астынан антарылып қалдық, «бір жерде сымы үзіліп кеткен шығар» дедік те қосқа қайтық. Оймызда ештеңе жоқ, алдымызға шайды енді ала бергенде жаңағы татар жетіп келді.

Мына жерден құдық қазған сендер ме? – дейді келе сала ентіп.

– Иә, ана мұсоды тегеміз біз қаздым емі? – дейміз түкке түспей.

– Ойбай, ана кабелді сендер қиып тастаған екендерің қой онда, – дейді екіленіп.

– Не кабелі?

– Жүр, көрсетейін, – деп татар жігіт тура тартты. Барсам, айтқандай кабелі екі бөлініп жатыр. Қл бықынаған майда сым. Жан-жаққа телефон байланысы сол жерден тарайды екен ғой.

– Енді өздерің белгі қоймайсыңдар ма? Жазу жоқ, дауы жоқ айдала. Біз қайдан білейік? – деймін мен. – Біздікі, өзін білетіндей, қазақ-байлыққа салынып, байлап-байлап байластырып жіберу ғой.

– Болмайды, – деп көңбейді жаңағы жігіт.

– Оны жөндейтін адам бөлек. Мен себепін тауып тұрмын, енді Өскеменнен жөндейтін адам керек. Сосын органдан адам келді. Бір өскінін штрафпен да сендер төлейсіңдер, – деп жауды теңдiрдi дейсiң... – Құдай, тұқымын жайлысын. Ей, мүмкіндігі болса бірнәрсесі істейші...

– Жүк, болмайды...

Содан жоғары жаққа жатқан. Түстің кезінде шақырып жатыр деп бізге де хабаршы келді. Естіген бойда жауапты маманның бәрі жетіп келген ғой. Барсам бір орыс, бір қазақ. Анау – подполковник, мынау – майор. Токтаусы сөйлеп түсіндіріп жатыр бәрі. Орысша толық білмеймін, айтқандарын түсінемін, бірақ жауап қайтара алмаймын. Соңында шарафтың сомасын айтты. Оған менің шашымның түзі жетпейді. «Мекемеге хабарлаймын, осыны төлейсің, болмаса сотталасың» дейді. Содан қазақты шақырып алып, айтып жатырмын: «Мұсылманның баласысың ғой, мына орысқа айтқайшы. Біз ту алыстағы пәлен деген облыстан келдік. Жер астындағы кабелді біз қайдан білейік. Алдын-ала ескертсе бір сәрі?! Бір білместік болды, кешірмей ме енді, не айтпай отыр мынау?» деймін күлгеннен. Сөйтсек айдалада кез келген жерге белгі қоя бермейді екен ғой.

Қоста бір мәмілеге келе алмай көп отырдық. Бір уақытта орыс «сыртқа шығып темекі шегіп келіңдер» деп рұқсат берді. Моқор да бізбен бірге іпесі шықты. Жағдайымыз түсіндіріп, барымды айтты

жатырмын енді. Олар біз сияқты емес, адамды танысын-танымасын «бауырым» деп сөйлейді. Бір кезде ойланп отырды да, «Бауырым, тұра-тұра. Мұны реттеудің бір жолы бар. Өңеу тоғайда кескен бөренелерді қанша уақыттан бері өкеле алмай жүр бұлар. Соны өкел берсең, мүмкін, райыңан қайтар» деді.

– Ойбай-ау, менің астыма жаман бір ЗИЛ бар. Онда да күш ауылдың арасында ғана жүруге жетеді. Өскеменнің ар жағындағы пәлен километр жердегі бөренені кәсіп жеткізіп берем? Сөйтсем олар бәрін естіп отырған адамдар екен ғой.

– Аралдықтарда пресобімен новыи камаз бар деп айтты кешегіде. Сол бар ма сендерде? – дейді майор.

– Бар ғой, бірақ бізде емес, пунктте жұмыс істейді, – деймін қалбалақтап. Ауылдан бірге келген Қамбардың камазын біліп отырған ғой.

– Соны алып бересің бе?

– Ой, ауылдың баласы ғой, айтайын, бірақ қолдан келеді деп уәде бермеймін, – дедім.

Содан майор ішке кіріп, орысқа «сенің материалды өкел бересің» деп түсіндіріп айтты. Орыс ойланп қалды. Менде шамам келгенше тырысып жатырмын. Содан «қазір келемін» деп пунктке жаман зілімен кеттім. Пунктің бастығы үлкендеу кісі еді, бара сала:

– Күнтуған-ау, түсің қашып кеттіңі ғой, – дейді.

– Ойбай-ау, біз сондай бәлеге ұшырап жатырмыз.

– А, не қылды? Өзі бір сондай үрейлі кісі еді. – Құдай сақтасын, кабелі несі? – деп атып тұрды.

– Қамбар бос па?

– Жатыр ғой іште...

– Онда соны маған бір жетіге бересің. Со-сын маған тұз балық керек.

– Көрегіңе ал...

Қамбарға барсам, көйкеді шалқасынан түсіп жатыр.

– Амансыңдар ма?

– Аманшылық...

– Біз көбіл үздік. Бір сөкті болыпты қиылғанына. Штрафының түрі жаман. Сен оған мүмкіншілік жасап, бір жерге бір жетіге бара-сың, – дедім.

– Бір жеті емес, бір аяға жіберсең де бара-мын. Жатыс қой біздікі...

Содан машинаға мініп алып, қосқа қайта бардым. Штрафың бәрі бітетін болды дей-мін жүрегім жарыла, сосын «базарлыққа тұз балық» деп орысты да қуантып қойдым. Бөріміз сол орыстың УАЗ машинесіне мініп алып, пункт алдына тоқтадық. Көйкі ішіндегі «перілерді» тұз балық тиеміз деп алып шықтық. Қл балықшы жігіттер ғой, тұз балықты қаптап салып жатыр, бір сыпырасын машинаға тиеп үлгерді. Бір кезде орыс «мына балықтың бәрін не істеймін?» деп ат тонын ала қашты, аяғында «осы да болады» деп жалынды. Содан кеші қарая Қамбарды алдына салып еліне қайтты. Өскеменге барған бір күннен кейін таң ата бәрі тоғайға кеткен. Ол жаз кіп тау-тас, жолда көдеріп кет екен. Соған қарамастан бөренені ақсын таңытып камазға да, прескеке де тиеген ғой. Қамбар ауылға келгенде айтты, жарықтық: «Өскеменге ажалыма келген шығармын деп қорықтым» дейді. Бір өткеле шыққанда жап-жаңа машина қара түтін болып шаққа жылжыған ғой. Басшылардың бөренені жолы қиып болып өкеле алмай жүргені содан екен. Бір апта дегенде Қамбар да келді, кабелдің дауы да бітті. Өскеменге балық аулаймыз деп барып, осындай қызықпен қайтқанбыз, – деп кең-кең күледі Күнтуған көке. Ауылдың аңырадақ қазғының Өскеменнің орысынан қалай құтылғанын естіп, менде қосыла өзү тарттым... Бірақ қазір айтқанға ойланғаммен, балықшының сол кездегі жайын бөрібір өзіндей сезінбейміз ғой, ә?!

ТҮЙГЕ АРТЫЛҒАН ШОРТАН МЕН ЖАЙЫНДЫ ТІСПЕН АУЛАҒАН ЖҰРТ

Құс жастыққа жайлана жантайған Күнтуған көке Қарақалпақстандағы қызықтарын да бір уақ еске түсірді. Ол кездегі тәртіп солай болған, ауылда аулауытын балық болса да биіктік-тің айтқан жағна қарай көшпін керек. Қате-леспесек, сексенінші жылдардың шамасы...

– Қарақалпақтар қара қайықты ағаштан соғады. Біз сияқты айқастырып соқпайды, ішше ығлап тамбасын деп жасайтын өзгеше әдістері бар, – дейді балық пен қайықтың жайын бес саусақтай білетін Күнтуған көке.

– Біз ауылдан торта ау, майда-шұйда, арасында іріс де бар, аралас ау алып барғанбыз ғой. Сөйтсек олар балықты уылдырық шашатын уақытына қарап аулатады екен. «Торта ойнайын деп жатыр ма, оны жауып тастайды, сазан аулайсын» дейді. Сазанның уылдырық шашатын кезі келсе, онда қандаздың несөбен бұйырды. Әйтеуір, балықшының бәрін тәртіп біреді. Біз сол қаз аулауытын кезде барған екенбіз. Обалына не керек, теңізде қаяз көп. Содан құлаш-құлаш ауды суға амай саламыз, бірақ ертеңіне қарасақ ау орнында тұрмайды. Сөйтсек судың ағысы қатты екен ғой. Теңіздің ағыс бар, оған дариғаның ағысы қосылады келіп... Ол кезде Әмударияның Сырға құйып тұрған күшті уақыты ғой. Содан біздің қолымызда бары тәрт тармақты көшкі. Көшкінің не екенін білесің ғой, ә? Ауды бекітуге арналған құрылыс ғой сол... (Күнтуған көке мені ауылдың қызы болған оғыз, көшкіден де хабардар деп ойлады-ау. Әңгіменің жүзінсін бұзбайын деп білмесем де, басымды ізедім) Көшкі өлсіз болған соң, ауды ағыс домалатып алып кете береді екен ғой. Қарақалпақтардың салған ауы орнынан қозғалмайды, «апырмай-ө, мынау қалай тұр» деп барсақ, көшкілерін екі тармақ етіп, айышқ қылып жасаған екен ғой. Сосын оны қырықтық капормен ағытқан. Сол ағысқа жібермейді екен, онсың екі-үш ау сайын тастай берген. Содан тек тұрмай, жаңағылардан қып көшкі алдық. Ау мәселесі де шешілді солай. Ол кездегі қаяздар қазірдей емес ірі, кейде бір қайдағы өзі он бес келі шығатын. Тіпті сол уақытта тоқсан келіге дейін жайып алып, қарық болғанбыз» деп Күнтуған көке сәл кірді. Балық десе ешнәрсеге бой бермейтін жас кезі ағыс алдына келген болу керек, бір күрсініп әңгімесін қайта жалғады.

Анау Байтақта жүрген уақыт... Шәменде Тастыбай әкеміз кеш қараз өзеннің ішімен келе жатыр едік, жақын жерде қарайған үй бара жатыр. Шатаспасам, Нұра совхозінің. Ау салып келе жатқан бетіміз, «осы бір үйге түсейік, қондаратын шығар» дедік. Барсақ, кең дәлізде кемпірі көшкі ас қамдан жүр екен. Сәлем беріп, ақандық сұрасқан соң «Әке, біз қонға келдік де жайымызды түсіндірдім. Үйде отағасы бар, соған барыңдар» деп жөн сілтеді. Үйде екеуі екен, балалары ер жеткен соң қалаға кеткен ғой. Содан төрде отырған төртпақ денелі ірі кісі ас үстінде әңгімені балықтың жайынан бастады. Содан айтты «Сендер қазір аулау жүрген шортандарыңды әйік дейсіңдер. Олар шортан емес, шабақ ғой. Біздің заманымызда шортанды түіенің үстіне артқанда құйрығы жерге сүйретіліп жүретін. Шортандардың үлкендігі сондай, суатқа айдаған жантиқтарды жұмырына жүк көрмей жем қылушы еді ғой, шіркін! Қолдағы бір-жар тоқты жоқ бол кетті, сонда анау әйік шортан қағып кетеді екен ғой. Кейін білдік оны. Енді есептей бер, түіенің бойы қанша? Соған пара-пар алапат шортан не жемейді дейсің? Тастыбай әкеміз да жайынның сөзіне антарылдың та қалдық, біз он бес көлі шортан ұстадық деп мәз бол жүрміз, оның өзі де осал емес бірақ...

Шортанды айтқанда, жайынды қалай ұмы-тасың, ә? Кезінде жайынды жылым тартып жүріп, судан тістеп шығарған сөттер де болды. Жас кезде көп нәрсені елемейсің, денсаулықта да алғандамысың, әйтеуір бәрі қызық көрініп тұрды. Қыстың күндері жайынның құйрығы жоғары тастап, басын төмен түсіріп алатыны бар. Онсыз сүзгіге ілінбей, әбігерге салады ғой сосын. Содан мұзға жата қаламыз да жайынның құйрығынан тістеп, кейін қарата тартамыз. Салғамыз әкелетүір ауыр. Соған қарамастан талай жайынды судан тістеп тар-тып шығардық. Кейде құйрығын аямай қағып жібереді, солай талай балықшының тісін жұлып кеткен...

Ол да бір қызық дәурен екен ғой. Қазір айтсан, өтірік сияқты... Күнтуған көке әжім торлаған беті тайып бейнет көрген қолымен бір сипап, тағы күрсінді сонда...

ҚАЙЫҚ ЫҒЫП БАРАДЫ...

Мынау Аралда Заурхан деген өзімді оқыт-қан иктиолог жігіт болды. Үш комбинатқа оқыдым ғой мен. Бір күні үйде алаңсыз демалып жатыр едім, таң атты Заурхан кіріп келді. «Жоғары шық, төлетің деп аңдасып, «дастархан» жайыңдар» дегеніміз болған жоқ, «шайды қоң түр, одан да бізге көмек жасап, балық аулау бар» деді үстемелете. Абастыңның жігіттерін жинап, Қаратөреннен Тілепбай әкемізге келген беп осы екен. Тілепбай әкеміз бізге оқытқан «Жарайды, онсызда үйде бостан-бос жатырмын ғой» деп керек-жарағымыз түгендеп, теңізге кеттік. Абастыңдан Абдаберген деген жігіт бар екен. Абдаберген баласы екеуі. Баласының қасына Кеңес үкіметі кезінде атақты балықшы атан-ған лауреат қосылтып. Сонымен бас-аяғы алты-жеті адам болып балық аулауға кірістік. Кешке тауы ауды енді салып болдық-ау деген тұста қатты дауыл басталды. Көкке қара бұлт үйірліп ді, ұқшатып тұрып соқты дейсін... Тәнертең тұрсақ жаңбыр қиып тұр, шаң аралас дауылды тағы бар. Бет қаратпайды, әйтеуір... Мен дымды жөнегір жөке, жөре салғанмын. Қайдақ мотор жоқ, ескекіпен амалдан келем. Содан ауды суырып қара-сам, түнімен соққан дауылдан шалаң басып қалыпты. Ауды қалайға салып алып, жиекке шықтық. Абдаберген мен Қуанышбай деген иктиолог жігіт теңізге қарап тұр екен. Бірақ басылмаған, жел тынбаған, толқын дегенін қатты... Сөйтсем Абдабергеннің баласы да-уылға қармай лауреат атанған жолдасын ертіп, ау қарауға кеткен екен ғой. Астарында мотор бар қазанның қайығы. Содан не болар екен деп жиекте тұрмай... Ауға енгізіп бергенде су тиген бол керек, мотор сөніп қалды. Абдаберген баласын дауыл іліп әкете ме деп қорқып, байыз таппай жүр. «Күннің қайығы батып несіне жібердің?» деп мен кейімін мұнда. Мотор от алмай жатыр, енді қайық ығып кетеді-ау деп ескертіп десем, ұайымдап тұрған әкесін одаң әрі шығар-май келмейді. Бірақ көз алдымызда қайық ұзап бара жатыр. Ау қалды орнында. Қалауы толқыннан бір көрінеді, бір көрінебейді. Ақыры айтсаңа болмады. Жиекте менің қайығым бар, Тілепбайлар дариғаның ішінде отырған. Анау Аралдан келген Сәид деген жас жігіт бәрі бірге палатканың ішінде қара ойнап жатыр екен. Ай, анау Тілепбайға айт, бала кетті ғой ығып деймін айқайлап. Бір кезде уайымнан Абдабергеннің жүрегі ұстап, жерге жантая құлады ғой. Қайта Қуанышбайдың қалтасында дөрі бар екен, соны аузына ала жүтірді. Менің қасыма Абастыңның бір жас жігіті бар. Өзім батырлан аяғымды ала алмай келе жатсам, етілімнің қонышынан ұстап алып тартады. Өзі ұйыққа батып кеткен ғой. «Ой, айналалың-ау, өзім батпақтан шыға алмай келе жатсам, мені тартқызып не қылатын» деймін деміліп. Содан әкеміз дариғ ішінде отырған Тілепбайға барды.

– Ана Абдаберген жиекте құлап жатыр, баласы ығып кетті. Моторлы қайықтарың бар ғой, алып шықсаңдаршы, – дедім палаткаға кірген бойда.

– Ой, менің дүңің сау ма? Ана бала суға кетсе, бөріміз жауап береміз ғой. Қайығың бар ғой тым болмаса. Онда маған бер, өзім-ақ барамын.

– Берейін. Бара аласың ба дауылдан?

– Барамын...

Содан Аралдың баласы Бақаең деген жігіті ертіп алып, теңізге беттеді. Ойпырмай, ыққан қайық жеткізбейді екен ғой. Толқын деген алапат. Ыққа қарай құлып бара жатыр. Әуірлімдеп жүріп ұстадық, әйтеуір. Қайық ығып бара жатқан соң ауға көшкі тастапты. Онсыз қосқа болған ғой, ұстамай кеткен. Екеуіміз де түстері бол-боз. Ақар, енді бес минут кідіргендеріңізге соңа сегізін кететін деп отыр едім» дейді. Әбден қалқыраған, қол-аяғы дірілдеп тұр. Содан олардың қайығын өзімізге тіркеп алып, жиекке қарай жаймын жүрдік. Ұлапатаңа келсек, Абдаберген бесін екі бар бөлі көтеріп отыр екен. Баласын қара сала, көңілі босады. Шамалы көңіл біргенен соң баласы да тілге келіп: «Әке, мені осында өлтіруге өкелген екенсің ғой» деп жылап жібергені бар. Сол күні мына дауылда біреуіміз жазым болармыз, балығы құрысын деп ауылға қайтық...

Балық аулаудың бейнетін балықшыдан артық кім білсін?! Содан болар қыстың суығы, жаздың жауыны демен, теңіз үстіне не жүрген ауыр алаңдау қай-қайсысы да маған Еңбек Еріндей көрінеді...

Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Басы. Жаңғасы келесі санда



АЛАШТЫҢ АНАСЫ

Туған жер! Осы сөзге
терең мағына сыйып
жатыр. Өр адам осы
сөзді әрқалай түсінетін
шығар. Мен үшін туған
жерім — менің өмірімдегі
маған ең жақын, ең ыстық
мекен. Ол тәттілерін маған
арнайтын әжем, мен қадір
тұтатын атам, маған ақ
сүт беріп өсірген анам,
мақтан тұтатын әкем,
бауырларым, жақсы
жағымды асырып, жаман
жағымды жасырған
ұстаздарым, өмір
қызығына тоймай бірге
келе жатқан достарым.

Туған жерім — туған мекенім. Туған жер
дегенде оның жерінің өзіндік бар.
Дәрігер адам емдесе, мұғалім оқытса, әнші
ән айтады, құрылысшы үй салса, тіпші
киім тігеді. Тағы басқа да мамандықтар
туралы тоқтаусыз айта беруге болады.
Ең маңыздысы, адамдар мамандықты
жүрегінің қалауымен таңдау керек. Өйткені
адамның болашағы таңдаған мамандығына
байланысты болады. Өзі ісін жақсы көріп,
үлкен жауапкершілікпен атқарғанда ғана
адам өзін бақытты сезінеді.

Менің мамандығым — мұғалім. Еліміз
өз үлесімді қоғам маңсағында қазақ тілі мен
әдебиетінің мұғалімі болуды таңдады.
Келесі кезге ана тіліміз бен әдебиетіміздің
мерейі үшін қызмет етіп, тілімізді өзіне
лайықты шыңына қондыруға үлесімді қоссам
игі еді. Егемен еліміз пайдамды тігізіп,
тәуелсіз мемлекеттің ұрпағын біліммен
сусындатып, білім биігінен көрсету — мен
үшін үлкен бақыт. Адам өмірінде мамандық
таңдауды қателеспей керек деген қағида
жыл айтылады. Жұмысыңды аңсап барып,



баянатын сұлу көрінісіне көзің тоймайды. Өр
ақын өз туған жерін осы бір табиғатына қарап
шабыттанып шығар деген ой келеді.

Дүниедегі ең құдіретті жан ана болса,
Алаштың анасы — ол мен туған жерім
Қызылорда!

Қызылорда — атамекен, бесігім,
Дүниенің айқара аштым есің.
Құшағыңдай той-той бастым, Жер-Ана,
Жүрегімде мәңгі қалды есім.

Туған өлке туралы айтқанда, кең
байтақ Қазақстан, оның ішінде әсем де
көркем қалалар, ақынға жыр, халқына Сыр
болған Қызылорда қаласын мақтаншымен
айтамын. Қызылорда қаласының тарихы —

таусылмайтын шежіре, мәңгі жырланатын
жер десем артық айтпаймын. Өнер иелері,
ақын-жазушылары қанат қағып ұшқан — Сыр
елі бұл! Атамекенім жырламайтын жырыш,
әнге қоспайтын әнші, тақырып арнамаған
жазушы жоқ шығар. Өр ақын өз туған
жерінің осы бір таңғажайып құбылысынан
шабыттанып шығар деп ойлаймын. Сыр
елін одан әрі көркейт — біздің қолымызда.

**Замир ТҰРСЫНБЕКҰЛЫ,
И.Өбдікәрімов атындағы аграрлық
техникалық колледжінің I курс студенті**

МЕН МҰҒАЛІММІН

қуанып қайту, өзіңнің не бітіргеніңді, енді не
істейтіңді білі білу, бұл — мамандығың сүйген
адамның ісі.

Ұстаз — тереңде жатқан кенді ашып,
армансызға арман ұялатып, қанатсызға
дарын қанатын бітіретін ғажайып күш иесі.
Мен осындай мамандық иесі болуды мақтан
тұтамын. Қиындағы мен қызығы мол осы
мамандықты бала күнімнен армандадым.
Адам баласына көмектесу — іліктің істердің
бастамасы. «Бала жүрегі — кішкентай күй
сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана
ашылады. Мұғалімнің қолында әр кезде сол
кілт тұру керек» — дегендей, әр баланың
жүрегіне жол табу, бала бойындағы
дарынды ашу мұғалімнің ең басты міндеті
деп ойлаймын. Менің оқу бітіруім,
студенттік өмірімен қоштасып үлкен қадамға
аяқ басуыма аз ғана күндер қалды. Осы оқу
орнына және осы мамандыққа түскеніме
өте қуаныштымын. Қызығы мен шығығы
қатар жүрген студенттік өмірде баландыраған
арсымыз бен алар белесіміз де көп болды.
Аулы ұстаздарымыз бар білгенімен, көрген-

түйгенімен бөлісіп, мұғалім деген атқа лайық
өкенимді ұғындыра білді. Оқудың соңы
жыныдағы алғашқы практикамыз да сәтті
өтті. Ұстаз атанудың оңай емесін ұғындық.
Қазіргі қоғамда болып жатқан жағдайға,
таралып жатқан ідетке байланысты
практикамыз ондай түрде өткені ғана
өкінішті. Мектепке барып, оқушылармен
өтене жақын араласып жұмыс жүргізе
алмадық. Бірақ келесі практикамызда
мектепке барамыз деген зор үмітім бар.
II курс кезінде мектепке практикаға
барғаныма, өзім де бала мен бала болып,
мұғалім өкенимді сезіне алмап едім. Ал
бітірген жылдағы тәжірибе маған үлкен сабақ
болды және өзімнің енді бала емес, аз күнде
сол балаға білім мен тәрбиені қатар беретін
мұғалім өкенимді сезіндім.

**Ақбота БАРҒАНАЕВА,
М.Меметова атындағы Қызылорда
педагогикалық жоғары колледжінің IV
курс студенті**

ЖОЛДАУ — ЖАҢА БЕЛЕС БАСПАЛДАҒЫ

Мемлекет басшысы
Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа
жағдайдағы Қазақстан: Іс-шаралық
кезең» атты Жолдауында
қазіргі қалыптасқан жағдайға
байланысты елдің ендігі даму
бағытын айқындап берді.

Күрделі кезеңде мемлекеттің
экономикалық әл-ауқаты мен
денсаулық жағдайы бірінші
кезеңге тұрғаны белгілі. Осы
орайда ел Президенті отандық
фармацевтикалық жағдайын
одан әрі жақсарту керектігін,
дәрігерлер жаппайлығын
алдағы уақытта екі-үш есеге
дейін өсетінін мәлімдеді. Ақ
халатты абзал жаңадандың
мандай тер, адал еңбегінің өтеуі
болу керектігін ерекше атап өтуі,
зейнетақы қорындағы қаржының
белгілі бір бөлігінің алдағы
жұмыс салымына берілетінін
де көңіл қуантады. Сапалы білім
беруді игі істер де әрі қарай да
жалғасады.

Мемлекеттің осындай
маңызды жұмыстардың барлығы
ел ішінде берік тәртіп орнап,
кәсібіне деген адалдық болғанда
ғана орындалатыны белгілі.

Осы орайда ел басшысы
стратегиялық құжаттың сегізінші
тарауында, яғни, «Әділетті
мемлекет азаматтардың
мүддесін қорғау жолында»
өштендеген аянып қалмауға
назар аударды.

«Зан үстемдігі орнықпаса
және азаматтардың қауіпсіздігіне
көпіндік берілмесе, әлеуметтік-
экономикалық дамуымыз бірте-
бірте міндетті табысты жүзеге
асырылмайды. «Халық үніне
құлақ асып мемлекет» —
бұл, шын мәнісінде,
«Әділетті мемлекет» құру
тұжырымдамасы. Азаматтардың
мәселелерін тыңдап, көріп қана
қою жеткілісіз. Ең бастысы,
дұрыс және әділ шешім шығару
қажет. Және адал мүддесіне
қызмет ететін мемлекеттің жаңа
стандарттарын әзірлеу үшін көп
жұмыс атқаруымыз керек. Осы
тұрғыда құқық қорғау және сот
жүйелеріне негізгі рөл жүктеледі.
Бұл салаға реформа аса қажет, —
деді Мемлекет басшысы.

«Мемлекеттік фактілерінің
әл күнге дейін тиылымай
жатқаны ешкімнен жасырын

емес. Бұған шектеу мен
тоқтам болмаса, елдегі ахуал
еш уақытта жөнделемейді.
Өйткені жақсылықты өз
пайдары үшін жасайтындар
тыңыпмайынша, бір-бірімізге
деген сенімнің болмауы — ащы
да болса шындық. Осы орайда
Президенттің «...сыбайлас
жемісшілікке қарсы күрестің
жаңа тәсілдерін енгізген жөн деп
санаймын. 2021 жылдан бастап
мемлекеттік қызметшілердің,
депутаттардың, судьялардың
шетел банкілерінде есепшотқа
ие болуы, қолма-қол ақша
және бағалы заттар сақтауына
қатысты жемқорлықпен күрес
аясында жаңа шектеулер енгізу
керек. Мемлекеттік қызметшінің
немесе қазіргі мемлекеттік
мекені басшысының қос
азаматтарының анықталған
жағдайда олар қызметтен
басатылады. Құқық қорғау
органдары қызметкерлерінің,
судьялардың, пара берушілердің
және паракорлыққа делдал
болғандардың сыбайлас
жемісшілік үшін жазаны
қатайту тұрғысынан Қылмыстық

кодекске өзгерістер енгізу
керек. Сыбайлас жемқорлыққа
қатысты қылмыс жасағандарға
шартты түрде мерзімінен бұрын
босату шарасы қолданылмайды.
Жемқорлықпен ұсталғандардың
мемлекеттік қызметте және
квазимемлекеттік секторда
жұмыс істеуіне өмір бойы
тыйым сапатын қағида қатаң
саясаты керек. Біз сыбайлас
жемісшілік деректері туралы
хабарлаған адамдарды заң
жүзінде қорғайтын жүйе
қалыптастыруымыз қажет»
деуінің өзі сенімге күш ұялатады.
Тәуелсіздіктің туын
желбіреткен әр қазақстандық
үшін Жолдау — жаңа белестің
баспалдағы. Ал оны әрі қарай
дұрыс ұғып, жандандыру,
дұрыс бағыттап, халық игілігіне
жаратып, жұмыла жүк көтеру —
әрамысымыздың міндетіміз.

**Ғалия СҰЛТАНОВА,
Арал ауданаралық сот
актілерін орындау жөніндегі
аумақтық бөлім басшысы**

КЕРЕК ЕМЕС



Ой да шексіз, мұң да терең, күлкі ұсақ,
Өмір өткел бір желпітпін, бір тұсап.
Сүйесің-ау, бірақ мөлдір болмайсың,
Жүрегіңе жыр құсап...

Бір үміт бар, алдамшы беті керім,
Сені ойласам, селдіреп, сетінедім.
Жүрегің уға ма екен, тыңдағанда
Жанымның жетілгенін?

Керексіз бе, бұл күйім өлең құған,
Неге керек сенсіз бақ, көрер думан.
Тағдырым-ау, сен неге аяп қалдың
махаббатты... өлер құлдан...

Сүйгенім бе, бар айыбым тек менің,
Қалай үнім жүрегіңе жеткенім
байқамайсың,
байқамай қалғандай боп,
Өлтірейін деп не едің?!

Сенен ұйқы қапқан жоқ, менен елес,
Алмасам да өмірден өнегені еш.
Махаббат бер, тағдырым, маған басқа
Ештеңе керек емес...

Раушанбек ШАРАПАТ

НЕГЕ?



Неге сенің қабағыңнан мұң көрем,
Айлы түнің көп не кіріпкі ілмеген?

Неге сенің көңіліңде бар қайғы,
Неге сені бәрі, бәр алдайды?

Неге сенің солғын тартқан гүл-өңің,
Мұң жинайтын құмыра ма жүрегің?

Неге сенің сәттерің көп "өтпеген",
Оңайлықпен беріле ме бақ деген?

Неге арсыз ой мен сөзге сенесің,
Ұмыттың ба шыындық тәтті емесін?

Неге мүлде ілеспедің дүрмекке,
Қойыларын білімдең бе бір нүкте?

Неге сенің маңдайыңда сор қалың?
Сен бақытсыз болады деп қорқамын...

...Өмір тосқан әр дауылға алаңдар,
Өз сенімін жоғалтатын адамдар!

Нұрбол ИБРАЕВ

ШЕБЕРЛІК ҚҰПИЯСЫ

Мен — болашақ педагогтың. Осы кәсіпке кішкентай кезімнен
қызығамын. Себебі оның жетекшілігін жұмысы, сабақ беру тәсілі
мен балаларға деген мейірімділігі мені осы мамандықты таңдауыма
себебісі болды. Оның мені мектеп табалдырығынан күлімдеп қарсы
алуы, балаларды білім берумен сусындатып, тәрбие беруі, өмірге
деген көзқарасының қалыптасуына әсер еткені маған қайталанбас
үлгі болды. Міне, осы себепті мен мұғалім болуды таңдадым.

Менің мамандығымның басты ерекшелігі — баланы тәрбиелеу, оны
оқыту. Бұл Іс алғашында қызық әрі оңай болып көрінгенмен, кейіннен
кішіні ер ең жауапты міндетке айналады. Мәселен, балалардың мінез-
құлпы, олардың жеке-басалық жағдайы мен қабілеті әртүрлі болады.
Кейбір балалар аңғал, мейірімді бала, енді бірі қызыр мінезді, бұзық
болады, ал кейбірі айтқанды тез түсініп, ұғып алса, енді бірі бауы
қабылдайды. Міне, осыған қарамастан барлық балаға бірдей білім,
тәрбие беруі кез келген адамның қолынан келе бермейді. Меніңше, бұл
жұмысты абыроймен атқара аламын, себебі мен ең бірінші балаларды
жақсы көремін. Балалармен жұмыс істейтін адамдар үшін де ең көрнегі
де осы. Егер адам алдында тұрған тәрбиеленушіні жақсы көріп тұрса,
демек оған берілетін білім де, тәрбие де ең жақсысы болады.

Қандай мамандық иесі болсаң да, алдымен сол кәсіпті өзін сүю
керек. Сол кәсіптің қиындықты мен басты мәселесінің шешімін
тауып, ерекшелігін біліп, жетістікке жетер жолды іздестіру керек. Міне,
сол кезде ғана адам өз кәсібінің шыңына жеткен мықты маман иесі
болады.

Аяжан ӨБДІРАХМАНОВА

ЖАҢА ЗАМАН ЖАСТАРЫ ҚАНДАЙ БОЛУ КЕРЕК?

Қазіргі кезде біз "жастар"
дел кімдерді айтамыз? Мектеп
оқушылары мен студенттерді
«жастар», «жас буын өкілдері» деп
жаппайлама атап жүріміз. Мақсатына
жетіре алмаған қария да, бизнес-
жоспарын жүзеге асыра алмаған
өкілдер де, ұлт үшін жаңын қиып,
өмірден өткен пенде де үмітті келер
ұрпақ, жас буыннан күтеді. Ал біз
осы үмітті ақтап жүріміз бе? Сенімнің
үдесінен шығып, біліммен тағдыр
қақтырып жүрген жастар баршылық.
Дегенмен уақыттың құр өткізіп,
келешекке мақсат қоймайтын жастар
да бар.

XII ғасыр — нанотехнология
мен техниканың заманы. Нағыз
білім сыналатын кезең. Білімділер
бәсекеге түскен кезеңде жастардың
бес күндік қызыққа ұмтылуы
өкінішті. Қазір олардың білім
алуына «тоқсауып» көп. Атап өтетін
болсам: әлеуметтік желілер, түрлі


ойындар, қиял-ғажайып кинолар
мен мультфильмдер, айта берсек
шегі жоқ. Осы кедергілерді көріп
ұянып өткізсек, санамызға білім
жірмедей талапсыздық дейді
болмайды. Жоғарыда атап өткен
нәрселерден өзіне көрегіні алып,
пайдаға жаратқандар да жеткілікті.
Көп жастар үлкен мансапты, атақ-
даңқты армандайды. Бірақ оған
жету жолында ешнәрсені істепсі
келмейді. Басын белгі «қиша жоқ
болса, ешқандай табысқа жетпейсің»
дегенді айтады.

Алайда қазір үлкен
компанияларды басқарып отырған
адамдар кезінде аяқ киім сүртпін ақша
тапқан, бар ашасын компаниясына
салып, құлдырағандар. Олар сонда
да алға қарай жүрді. Нәтижесінде
табысқа жетті. Атақты миллионерлер
жастарға көбіне кітап оқуға кеңес
береді. Демек біз бар дүниені
кітаптан алуымыз керек. Алайда

біз нағыз керек дүниені істемейміз.
Сөйте тұра «жетістікке қалайша
қол жеткізе алмадық» деп тағы
күрсінеміз. «Адам баласының ең
жаманы — талапсыздық» дейді
Абай атамыз. Біз талаптанбасақ,
ізденбесеқ алға қарай адымдай
аламыз. Жастары алға қарай
жүрмесе, мемлекет те бір орында
қалып қояды. Сол үшін біртүтас
мемлекетті аяқ жүйелі —
жастардың қолында. Тарих беттерінде
үңгілетін болсақ, қазақ халқы
жауқұрек, батыр болған. Не үшін
соғысты, неге жауласты? Келер
ұрпақтың тәуелсіз елде, алаңсыз
жерде білім алып, бейбіт өмір сүруін
қалады. Жауқұрек, ата-бабамыздың
тарихын еске алғанда, кеудемізде
қуаныш кернейді. Еңдеше біздің
ізденімен келетін ұрпақ та өткенімен
мақтанатындай өмір сүрейді!

Жансая БАҚЫТБЕКҚЫЗЫ

СИДНЕЙДЕГІ СЕНСАЦИЯҒА – 20 ЖЫЛ



20 жыл бұрын қазан айы құанышка толы болды. Жұрт жұмысын тастап, Австралиядағы аламанға зер салды. Атлант олимпиадасынан кейін Сидней – Қазақстанның екінші байрақты бәсекесі. Сиднейде ел спортшылары сенсация жасап, дүниежүзін таң қалдырды. Қазақ жерінде тәуелсіздіктің иісі енді сезіліп жатқанда өлем Қазақстаннан мұндай жетістікті күткен жоқ. 200 елді қонақ қылған Сидней бейтаныс есімдердің жұлдызын жатты. Соның бірі – Ольга Шмиглина. Жеңіл атлетикадан 100 метр қашықта ел қорқынына алғашқы алтынды салды. Рас, спорт сүйер қауым Олимпиада алтын түгілі қола күткен жоқ. Себебі жүгіруден ел тарихында жүлде жоқ еді. Кіп жүріктермен сынға түскен нәзік қыз финишты бірінші кескен сәтте көк ту көкке желбіреп, ел мерейін бір тасытты. Одан кейін қазақстандық саялақтар тағы екі алтын, төрт күмісті қанжығаға байлады. Әсіресе боксшылардың бұл бәсекеде бағы жанды. Болат Жұмаділов пен аса ауыр салмақта Мұхтархан Ділдебеков

күміспен күтпелес, Бекзат Саттарханов пен Ермахан Ыбрайымов биік тұғыздан көрінді.

Австралия шаршы алаңында шаң қаптырған Мұхтархан Ділдебеков Сиднейдегі қызықты сәттерімен бөлісіп, 20 жыл бұрынғы бәсі биік бәсекені еске алды.

— Осыдан 20 жыл бұрын Австралияның Сидней қаласында XXVII жазғы Олимпиада ойындарының алауы тұтанып, қазанда өз мәресіне жетті. Сол кезде тәуелсіз Қазақстанның спортшылары әлемге өз мықтылығын мойындатты. Төртжылдықтың басты додасына ұзақ дайындалдық. Дайындық барысында бапкерім Нұрғали Сафиулинмен бірге барлық қарсыласты ой елегінен өткіздік. Алты ай бойы негізгі қарсыластарымыз спаррингке түстім. Қай ел болса да, бәрін аралап шықтық. Еуропа, Африка, Америкадағы жолымыз түсті. Олимпиадада чемпион болу үшін тек кубалық Рубалкабадан өту керек болды. Ол қандай жарыс болсын

қарсыластарының бәрін жеңіп, тіпті жоқандымен сұлатып салатын. Әлгі Рубалкабамен жолымыз ширек финалда түйісті. Сол кезде делегациядан барған кей кісілер «Енді келесі Олимпиадада дайындала беріңдер. Бұл жолы Мұхтарханның жолы болмады» деген пікір айтты. Біздің ойымыз мүлде басқа. Ер кезегі үшке дейін. Екі рет ұтылып, енді үшіншісін ұтамын деп шықтым. Алла абырой беріп, сол жеңіп-жеңіп жемдім. Рубалкаба мансабында екі рет қана жеңіліпті. Бірі италиялық Видоз болса, бірі – мен. Өйткені оның бойы – 206 см, салмағы – 134 келі, жылдам қимылдайтын дарынды боксшы. Содан Рубалкабаны ұтқаннан кейін өзбек әріптесім Саидовтан қалай да өту керек болды. Ол да мықты, бірақ басқа жол жоқ. Бар күшімді салып, үш раунд бойы боксастып ұттым. Финалда да бар күшімді беріп, техникамды пайдаландым, бірақ күміс бұйырлып тұр екен. Өзім үшін бұл өте қымбат жүлде. Қымбаттығы соңша, қызыма берді есім бердім, – дейді Ділдебеков.

Бетті дайындаған: Е. ШӘРІБЕК



Футболдан Қазақстан премьер лигасы қыза түсті. Жүлдеге үмітгілер жанкүйерлерін жеңіспен қуантса, аутсайдерлер біріншілікте орнын сақтап қалу үшін амал қарастыруда. Өткен аптаның сенбі-жексенбісінде 13-тур ойындары төамдалды. Алғашқы ойын «Тараз» бен қызылордалық «Қайсар» арасында өрбді. Матч Талғардағы ұлттық құраманың базасында өтіп, 2-2 есебімен аяқталды.

ҚП ҚЫЗА ТҮСТІ

Кездесудегі алғашқы голды 23-минутта «Тараз» шабуылшысы Бауыржан Тұрысбек соқты. Араға екі минут салып Серж Ньюадзи баспен гол соғып, есепті еселеді. 63-минутта Елгуджа Лобжанидзе есепті қысқартып, 82-минутта таразы басын теңестірді. Кезекті ұлайына қол жеткізген «Тараз» 13-ұлаймен сегізінші орынды ешкімге бермей тұр. Ал «Қайсар» 17-ұлаймен бесінші орынға тұрақтады. Көкшетаулық «Оқжетпес» бұл турда петропавлдық «Қызыл-Жар СК» командасынан басым түсті. Талғар қаласында өткен кездесу 2:1 есебімен аяқталды.

«Қызыл-Жардың» грузиялық жартылай қорғаушысы Шота Григалашвили 43-минутта есеп ашып, үзіліс алдында командасын алға шығарды. Алайда екінші таймда «Оқжетпестің» ойыншылары есепті теңестіріп, одан кейін жеңіс голын соғып кетті. 64-минутта эстониялық Артем Дмитриев пенальтиді сәтті орындаса, 68-ші минутта черногориялық футболшы Дарко Зорич гол соқты. «Оқжетпес» осы ойыннан кейін соңғы 11-орыннан тоғызыншы орынға көтерілді, қазір еншісінде он ұлай бар. Осы орыннан ол сегіз ұлайы бар «Қызыл-Жар СК» клубын ығыстырды.

Қарағандылық «Шахтер» Премьер-лиганың 13-турында шымкенттік «Ордабасыдан» минималды есеппен жеңіліп қалды. Сегізбаев атындағы стадионда өткен матч 0:1 есебімен аяқталды.

Ойындағы жалғыз әрі жеңісті голды «Ордабасының» бразилиялық шабуылшысы Жоао Пауло соқты. Оның айлап алаңның ішінен жасаған соққысы «Шахтер» қорғаушыларының біріне тиіп, доп қақпа төрінен табылды.

«Ордабасы» бұл жеңістен кейін 21-ұлаймен үшінші орынға көтерілді. Ал «Шахтер» 16-ұлаймен алтыншы орында қала бермек.

Қостанайлық «Тобыл» «Каспийді» жеңді. Матч Алматының Орталық стадионында өтіп, 1:0 есебімен аяқталды.

Жалғыз әрі жеңісті голды 70-минутта Сергей Малый соқты. Азат Нұрғалиевтің

бұрыштамадан асырған пасын Малый голға айналдырды.

Осы жеңістің арқасында «Тобыл» 23-ұлай жинап, турнирлік кестеде «Астана» мен «Ордабасыны» (екеуі де - 21) басып озып, екінші орынға көтерілді. Ал «Каспий» соңғы орында (7-ұлай).

Бас жүлдеден үмітті «Қайрат» Талдықорғанның «Жетісу» командасын ұтты. «Жас қыран» стадионында өткен кездесу алматылықтар үшін оңайға соққан жоқ. Бірінші таймда Дмитрий Огайдың шкөрттері 2:0 есебімен алға шықты. Алдымен «Қайраттың» қорғаушысы Айбол Әбікәттің қателігінен кейін Педро Жуэнио 7-минутта есеп ашты.

Он минуттан кейін Ғафуржан Сүйімбаевтың арқа берген добын дұрыс тоқтата алмаған Стас Полатовтың өз қақпасына гол өткізіп алды. Көп ұзамай 30-минутта «Қайраттың» шабуылшысы Абат Айымбетов есепті қысқартты. Екінші таймда 50-минутта Вагнер Плас 11 метрлік айлап добын қапқадан алдекайда жоғары тепті. Дегенмен 57-минутта А.Айымбетов таразы басын теңестірді.

Іле-шала өз айлап алаңында Адеринсола Эсеоланы шалып қулатқан «Жетісу» қорғаушысы Мейрам Сапанов екінші ескертуді алып, алаңнан қуылды. Бірақ А.Эсеоланың 11 метрлік айлап добын тапдықорғандық клубтың қақпасы Андрей Шабанов кері қайтарды.

Бірақ ол 76-минутта Денис Поляковтың тепкен добын қайтара алмады. Екінші таймда «Қайрат» сапында алғаш рет алаңға шыққан 19 жастағы Данияр Усенов 94-минутта өзінің бірінші голын соғып, есепті 4:2-ге жеткізді.

Бұл матчта ерескел қателікке жол берген Қазақстан ұлттық құрамасының қақпасы Стас Полатовтың екінші таймда Данил Устименко алмастырды.

Ойынның екінші кезеңінде алаңға шыққан «Жетісу» футболшысы Аслан Дарабаев екі мәрте ескерту алып, ол да ойын алаңынан шығарылды. Осылайша 32 ұлай жинаған Алексей Шпилевскийдің шкөрттері «Астанадан» 11 ұлайға ұзап кетті. Дегенмен бұл турға қатыспаған елордалықтардың бір ойыны кем.

ЧЕМПИОНДЫҚ АТАК КІМГЕ БҰЙЫРАДЫ?

Ресей мен Украина аумағында ұйымдастырылған түрлі турнирлерде қарсылас шаң келтірмеген Хабиб Нурмагомедов әлемдегі ең беделі промоушннің өзінің тұсаукесер кездесуін 2012 жылдың 20 қаңтарында өткізген еді. Сол жекпе-жекте

24 қазанда аралас жекпе-жектең Әбу-Дабидегі UFC 254 турнирі көрермендердің қатысуымен өтуі мүмкін. Бұл жайында айтулы ұйымның президенті Дэйна Уайт мәлімдеді. Ал сол кештің басты бәсекесінде ресейлік Хабиб Нурмагомедов пен америкалық Джастин Гэтжи күш сынасады. Олар жеңіл салмақтағы чемпиондық атақты сарапқа салады.




ол ирандық Камал Шалорусты қылыңдырып тастады. Арада алты жылдан аса уақыт өткеннен кейін америкалық Эл Яковинты ұлай санымен

ұтқан Хабиб чемпиондық белбеуді иеленді. Содан кейін ирландиялық Конор Макгрегор мен АҚШ-тың өкілі Дастин Пуарьені айқын басымдықпен жеңіп, өз атағын сақтап қалды. Октагонда барлығы 28 кездесу өткізген 32 жастағы Дағыстанның ұлттық батыры барлығында басымдық танытып, 18 бәсекені мерзімінен бұрын аяқтады. Джастин Гэтжи де оңай қарсылас емес. 14 қарашада 32 жасқа толғанып отырған АҚШ-тың Аризона штатының тумасы да түрлі дүбірлі додаларда шеберлігін шындап, 2017 жылдың жазында UFC-ге ауысты. Тұсаукесер бәсекесінде Майкл Джонсонды ұрп

жықты. Сол кезге дейін ешкімнен жеңілмеген сақа спортшы содан кейін қатарынан екі жекпе-жекте есе жіберді. Ол өз отандастары Эдди Альварес пен Дастин Пуарьеден ұтылды. Есесіне одан кейін Джеймс Бик, Эдсон Барбоза, Дональд Серроне және Тони Фергюссонды соққыға жықты. Бұл бәсекелердің барлығы да мерзімінен бұрын аяқталды. Осы күнге дейін Гэтжи 24 кездесу өткізіп, 22 рет жеңіс тойын тойлады. 20 қарсыласын айқын басымдықпен ұтты. Бұл күндері америкалық спортшы UFC-дің уақытша чемпионы атанып отыр. Әбу-Дабидегі турнирді қазақстандық жанкүйерлер де тағатсыздана күтуде. Өйткені осы кезге қос бірдей жерлесіміз – Шавкат Рахмонов пен Сергей Морозов та өнер көрсетеді. Олардың екеуінің де есімі спортсүйер қауымға жақсы таныс. 26 жастағы Шавкат күні бүгінге дейін ешкімнен жеңілген емес. 12 кездесудің барлығын ол мерзімінен бұрын және алғашқы раундтарда аяқтады. Жартылай орта салмақтағы қазақстандық спортшылар арасынан алғашқы болып UFC-мен келісімшартқа отырды.

Алайда түрлі жағдайларға байланысты Шавкат Рахмонов айтулы ұйым өткізген жарыстарда әлі күш сынаған жоқ. Ал 31 жастағы Сергей Морозов аса жеңіл салмақта сайсықа түсіп, 19 жекпе-жегінің тек үшеуінде жеңілістің кермек дәмін татты. Қалғандарын өз пайдасына шешті. 12 бәсекеде айқын басымдық танытты.

Жоғарыда есімдері аталған екі отандасымыз да Ресейде іргетасы қаланған М-1 ұйымының чемпиондары. Парсы шығанағында Шавкат Рахмонов 32 жастағы Алекс Оливейрамен айқасады. «Ковбой» деген лақап атпен танылған Бразилия спортшысы 32 мәрте айқас алаңына шығып,



кездесудің нәтижесі есепке алынбады. Сергей Морозов Хабиб Нурмагомедовтің інісімен күш сынасуы тиіс еді. Алайда ол ауруханана түсіп қалған соң, оған басқа қарсылас іздегірілуде.

21 рет жеңіске жетті. 18 қарсыласын есінен тандырды. Жеті рет жеңілді. Бір мәрте тең түсіп, тағы екі

АҚ ОРАМАЛ – ІЗЕТТІЛІК БЕЛГІСІ

Достық үйінде «Бойтұмар-Ханым» қоғамдық қоры, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы Аналар кеңесі және облыстық іскер әйелдер қауымдастығының ұйымдастыруымен «Ақ ормал – ізеттіліктің, инабаттылықтың белгісі» акциясы өтті. Акцияға «Бастаңғы» әжелер ансамблі, этномәдени бірлестіктің мүшелері, облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің белсенділері қатысты.

Тағылымы мол акция С.Майқанова атындағы мәдениет үйінің «Бастаңғы» әжелер ансамблінің ән-шашуымен басталды. «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының белсенді мүшесі Константин Луца «Ана» туралы жырды ақ жаулықты аналарға арнады. Шара қатысушылары Аналар кеңесінің

атқарған жұмысымен танысып, сурет көрмесін тамашалады. Айта кетейік, облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесі 2014 жылы құрылған. Құрылған күннен бастап кеңес мүшелері отбасы мәртебесін көтеруге, отбасы құндылықтарын дәріптеуге, ұрпақ тәрбиесіне байланысты көптеген іс-шаралар ұйымдастырып

келеді. Облыс бойынша 118 аналар кеңесі жұмыс істейді. Ыстық бауырсақтан дәм татқан қатысушылар облыстық балалар ауруханасының ауласында, 300-ге жуық Сыр талы және жеміс ағаштарын екті. Тал егудің соңы спорттық сайыстарға ұласты.



ҚОЛ ЖУУ КҮНІ: КІМ, ҚАЛАЙ ҚОЛ ЖУАДЫ?

Арнайы қол жуу күні бар екенін естігенде таң қаласыз. Бұл күн не үшін деп елестеніңіз де қаласыз. Қол жууға жалпы ортақ бір күн белгіленген. Неге?

Теледидар көріп отырсаңыз, таңғы асты бөлмесіне әкеліп ішетіндерді байқайсыз. Адам ұйыдан тұрғанда бет-қолын жуып, дастарқанға отырып тамақтанушы еді ғой. Ал көгілдір экрандағы сериалдарда ұйыдан оянган бойда, жуынбастан төсекте тамақ жейді. Сөйтсек бұл шет елдегілердің өмірінде де жиі кездесетін жайт екен. Шетелдіктер бет-қолын жуып, содан кейін барып тамақ ішеуі де қоймайды. Біз тазалықты басты орынға қоямыз ғой. Күнделікті жуынуды әдетке айналдырмағандар үшін бүкіл әлемдік қол жуу күні енгізілген. 15 қазан күні осы қарапайым гигиеналық рәсімнің балалар мен ересектерде кездесетін бірсыпыра қауіпті аурулардың алдын алатынын еске салу үшін осы мерекені атап өтеді.

Алғаш рет осы мерекені БҰҰ Бас Ассамблеясы жариялаған. Тазалық жылы аясында 2008 жылы атап өтті. Бүгінгі таңда бұл күнді 70-тен астам елде атап өтеді және оның саны жыл сайын өсіп келеді.

Осы мерекені тойлау аясында бүкіл әлем бойынша қолды қалай және не үшін жуу керекін түсіндіретін жеңіл ойын түрінде қызықты әрі танымдық іс-шаралар өткізіледі.

Арнайы мереке үшін қала алаңдарына көптеген ашық түсті шұғылшаларды орнатады, ал денсаулық сақтау қызметкерлері арнайы үйретілген ерікті көмекшілермен бірге не істеу керекін көрсетеді.

Қол жуу сияқты ұсақ-түйекке толық бір күн бөлудің қажеті қаншалықты дейсіздер ме? Бар мәселе бүкіл жұртпалы аурудың шамамен 80%-ы қол арқылы берілетінінде жатыр. Ал қолды сабынмен мұқият жуу сияқты қарапайым шара ауырып қалу қаупін күрт азайтады. Демек бұл жайында ескертіп отыру артық болмас.

Сонымен қолды қай кезде жуу керек? Соған тоқталып көрейік...

- Тамақтану алдында
- Тамақ дайындау алдында
- Шикі етті немесе балықты ұстағаннан кейін
- Дәретханадан кейін
- Даладан кіргеннен кейін
- Түшкіргеннен кейін
- Жануарларды ұстағаннан кейін
- Жұқпаларды таратушылармен қарым-қатынастан кейін
- Үй жинаудан соң
- Жараны таңғанаға дейін және кейін
- Қоңыс шығарғаннан кейін

Қолды қалай дұрыс жуу керек? Зерттеу деректері бойынша адамдардың бәрі бірдей қолды дұрыс жуа бермейді. Оны былай жасау қажет:

- Шүмекті ашыңыз және суды жайлы температураға келтіріңіз.
- Қолыңызды қатты немесе сұйық сабынмен сабындыңыз.
- Егер қолыңызды қоғамдық жерде жусаныз, шүмектің тұтқасын сабындыңыз. Әйтпесе, сіз қайтадан кір шүмекті ұстайсыз да, бактериялардың көп бөлігі қолыңызға қайта келеді. Шүмектің тұтқасындағы сабынды жуып тастаңыз.
- Қою көбік шығатындай қолыңызды тағы бір рет сабындыңыз.
- Саусақтардың арасына, алақандарыңыздың ішкі және сыртқы жақтарына, сондай-ақ тырнақ астындағы теріге көңіл бөліп, қолыңызды кем дегенде 30 секунд жуыңыз.
- Сабынды жуып кетіріңіз
- Шүмекті жабыңыз
- Таза орамалмен қолыңызды құрғата сүртіңіз.



ЖУЛДЫЗ - JORAMAL (22-28 қазан)



ТОҚТЫ

Жұмысқа қатысты ұсынысты тапқылауға және келіссөз жүргізуге қолайлы апта. Мықты жұмыс берушіден ұсыныс түседі. Жұмысқа қатысты мәселенің барлығын оңай, әрі тез шешесіз.



ТОРПАҚ

Өзіңізге ұнайтын жұмыспен айналысқан жөн. Тіпті аптада жұмыстың барлығын ысырып қойып, жай демалуға да болады. Бірақ жұмыс барысымен жол сапарға шықпаған жөн.



ЕГІЗДЕР

Тез әрекет етіңіз. Егер еріншектік танытпасаңыз, барлығы ойдағыдай жүзеге асып, аптаңыз сәтті өтеді. Жұмыста көп кедергіге кездесуіңіздің бірақ себебі бар: ол әріптестерден көп көмек күтудіңде болып отыр.



ШАЯН

Қызықты, әрі жемісті апта. Өз таланттарыңызды танытуға, шығармашылықты шыңдауға көп жұмыс жасайсыз. Жаңа бастама көтеріп, қызықты идеяларды ортаға салып, тапқылауға кірісесіз.



АРЫСТАН

Аптада аздаған кедергілерге тап боласыз. Бірақ сіз міндетті түрде оларды жеңіп шығасыз. Бірақ нақты шешім шығару үшін көп күш жұмсауыңызға тура келеді. Сіздің тапқырлығыңызға таңқалмасқа амал жоқ.



БИКЕШ

Әңгіме-дүкен құрып, түрлі тақырыпта сөз қозғауға қолайлы сәт келді. Қызықты кездесу, ерекше таныстық орын алады. Айналаңыздағы адамдармен тез тіл табысып, олардың ойын айтықбай ұғасыз.



ТАРАЗЫ

Уақыт сәтті болмақ. Сондықтан ойға алған шаруаны кейінге қалдырудың қажеті жоқ. Бұл уақыт жеке шаруамен айналысуға да, сондай-ақ көпшілікпен бірге жұмыс істеуге де ыңғайлы сәт.



САРЫШАЯН

Аздаған қиындықтарға тап боласыз. Бірақ сіз бұл қиындықтан еш қорықпайсыз. Өмірден жиган тәжірибенің қиын жағдайдан шығуға көмектеседі. Өзіңіздің ғана емес, сондай-ақ өзгелердің де мәселесін шешуге тырысасыз.



МЕРГЕН

Жұмысыңыз алға басып, ісіңіздің барлығы сәтті болады. Сонымен қатар пайдалы таныстық орын алып, болашағы зор ұсыныс түсуі мүмкін.



ТАУЕШКІ

Жақындармен ара қатынасты жақсартуға қолайлы сәт. Сіз өткен күндердегі өкінішті, өкпе-назды кешіріп, жақыныңыздың сізге ішкі сырын ақтарына мүмкіндік бересіз.



СУҚҰЙЫШ

Дәл қазіргі сәт қиялға беріліп, орындалмас арманға қол созуға болмайды. Нақты жұмысқа ден қойып, тапсырмаларды орындауға тырысыңыз. Аздаған жетістікке жету сізді зор қуанышқа бөлейді.



БАЛЫҚ

Жетістікке жетудің жолын көз-десеніз, сол үшін аянбай еңбек етіңіз. Мақсатқа жету жолында нақты шешім қабылдай біліңіз. Ол үшін кейбір шаруаларды кейінге қалдыруға тура келеді.

Көзге редактор: Айгүл ӘЛШІРОВА

АҚМЕШІТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелуге алынған, №13844-Г куәлігі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешіт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР
Айжан АБДУЛЛАЕВА

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshit_zhastary / сайт: aqmeshit_zhastary.kz

Таралымы: 8091
Тапсырыс №418